



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЗАҢМЕН РЕТТЕЛУІ КЕРЕК



Экологиялық қауіпсіздік мәселесі бүгінде әлемдік күн тәртібіндегі ең маңызды тақырыптың біріне айналды. Климаттың өзгеруі, өндірістік шығарындылардың артуы, тұрмыстық қалдықтардың көбеюі және табиғи ресурстарға түсетін салмақ мемлекеттерді экологиялық саясатты түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлеуде. Қазақстан да бұл үдерістен шет қалып отырған жоқ.

(Жалғасы 3-бетте)

ФОРУМ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Айдана САҒЫНБЕК, балалар психологы:

«КӘСІБИ КӨМЕК БАЛАНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАРАҚАТ АЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ»

Кейде бір ауыз сөз, келемеж не әдейі шеттету бір сәттік ойсыз әрекет болып көрінуі мүмкін. Бірақ буллингке тап болған бала үшін бұл күн сайын қайталанатын ауыр қысым. Мұндай жағдай баланың сабаққа деген ынтасын төмендетіп қана қоймай, оның психологиялық жағдайына терең із қалдыра-ры талассыз. Мектептегі буллинг нәтижесінде туындайды, оны қалай дер кезінде тоқтатуға болады және қоғам бұл мәселеге қаншалықты мән беріп жүр? Осы тақырып аясында балалар психологы, нейропсихолог Сағынбек Айдана Ерболатқызымен сұхбаттасқан едік.

– Мектептегі буллинг баланың психикасына әсері қандай?

– Мектептегі буллинг – жай ғана ренжіту немесе балалар арасындағы уақытша келіспеушілік емес. Бұл баланың психологиялық саулығына, өзін-өзі қабылдауына және ішкі эмоционалдық жағдайына тікелей әсер ететін күрделі мәселе. Буллингке ұшыраған бала уақыт өте келе өзін қауіпсіз сезінуді тоқтатып, айналасындағы адамдарға деген сенімін жоғалтуы мүмкін. Тіпті оның санасында «Менде бір нәрсе дұрыс емес шығар» деген ауыр ой қалыптасады.

Егер мәселеге дер кезінде көңіл аударылып, келіспеушілік дұрыс реттелмесе, мұндай қысым баланың бойында қорқыныш, мазасыздық, жалғыздық, дәрменсіздік секілді сезімдерді тудыруы мүмкін. Кей балалар өз-өзінен тұйықталып, ішкі күйзелісін сыртқа шығармай қысымды үнсіз көтерсе, енді бірі керісінше ашушан, агрессивті болып кетуі мүмкін.

Буллинг оқу үлгеріміне де әсер етеді: бала мектепке барудан қашақтап, сабаққа қызығушылығын жоғалтады. Сонымен қатар, буллингтің психологиялық әсері кейде физикалық белгілер арқылы да байқалады. Мәселен, баланың жиі жылауы, ішінің немесе басының ауыруы-

на шағымдануы, тәбетінің өзгеруі немесе ұйқысының бұзылуы ішкі күйзелістің белгісі болуы ықтимал. Ең қауіптісі – баланың өзін бұл мәселеде жалғыз сезінуі. Сондықтан мұндай жағдайда ата-ана мен мұғалімнің басты міндеті – баланы кінәламай, оны мұқият тыңдап, эмоциясын қабылдап, қолдау көрсету. Баланың өз мәселесін ашық айта алатын қауіпсіз орта бар екенін сезінуі өте маңызды.

– Мұғалімдер буллингтің алдын алу үшін не істей алады?

– Буллингтің алдын алуға мұғалімнің рөлі ерекше. Ең алдымен сыныпта әр бала өзін қауіпсіз, қорғалған әрі тыңдалатын ортада сезінетін атмосфера қалыптастыру кезек күттірмейді. Бала өз ойын ашық айтып, көмек сұраудан қорықпайтын орта болған жерде буллингтің алдын алу әлдеқайда тиімді болады.

Мұғалім балаларды бір-бірін мазақтамауға, кемсітуге, өзгеге құрметпен қарауға үйретуі қажет. Әр оқушының пікірін сыйлайтын, өзін еркін сезінетін орта қалыптастыру өте маңызды. Сонымен қатар, мұғалім сыныптағы балалардың мінез-құлқындағы өзгерістерді мұқият зерделеп отыруы керек.

(Жалғасы 6-бетте)

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭБДҰ) мен Еуропалық одақтың зияткерлік меншік жөніндегі ведомствосының көрсетуінше, контрафактілік өнімдер айналымының әлемдік көлемі шамамен 467 млрд АҚШ долларына тең. Бұл жаһандық импорттың шамамен 2,3 %-ын құрайды.

Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде тек 2024 жылдың өзінде 6,6 млн-нан астам контрафактілік өнім анықталған. Бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен 14%-ға жоғары.

Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік мәселелеріне және тиісті құқықтарды қорғауға мемлекеттік деңгейде жоғары көңіл

(Жалғасы 3-бетте)

2-БЕТ



Жанар ЖАНАТБЕКОВА, Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы:

«Әкімшілік әділет – терең ізденіс пен тындырымды еңбектің жемісі»

5-БЕТ



Дербісектегі дау кәсіпкер мен инвесторлар сенімін сәтінетеді

8-БЕТ



Аты басқа, ізі сол



СҰХБАТ

– Әкімшілік әділет институтының қолданысқа енгеніне де бес жыл өтті. Бес жыл ішінде жария-құқықтық дауларды шешуде не өзгерді? Жаңа жүйе көпшіліктің үмітін ақтай ала ма?

– Американың танымал жазушыларының бірі Амелия Мэри Эрхарттың «Ең қиыны – әрекет етуді бастау, қалғанының бәрі тек табандылыққа байланысты» деген тамаша тағылымды сөзі бар. Расында, кез келген істі бастау жеңіл болмайтыны түсінікті. Ал халықтық жобаларды, елдік бастамаларды қолға алудың жауаптылығы тіпті зор. Мұны әкімшілік әділет институтын енгізу кезіндегі ізденістерден, жаңашылдықты көпшілік арасында талқылаулардан да байқау қиын емес. Міне, осындай ұзақ сараптап, терең талдаудан кейін тәжірибеге енгізілген жаңа институт бүгінде қоғамнан өз орнын тапты деп сеніммен айта аламыз. Оған бес жылғы тағылымды тәжірибе, оң көрсеткіштер нақты дәлел болса керек. Бұл кезең құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру бағытындағы маңызды белес болды.

Әкімшілік соттар құрылған бес жыл ішінде азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды қараудың жаңа мәдениеті қалыптасты. Соттардың басты жетістігі – азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейінің артуы және мемлекеттік органдардың жауапкершілігінің күшеюінен көрініс тапты. Төрелік ету барысында соттың белсенді рөлі іске асып, дәлелдемелерді жинауда және мән-жайды анықтауда соттар бастамашылық танытты. Нәтижесінде көптеген даулар азаматтардың пайдасына шешіліп, құқықтық әділдік сапаланат құрды.

– Жаңа жүйеге деген сенімнің қалыптасуын қалай бағалайсыз?

– Әкімшілік әділеттің өзіне жүктелген үлкен табылуына үш негізгі шарттың дұрыс үйлестірілуі әсер етті деп ойлаймын. Біріншіден, бұл институттың заңдық негізін сауатты жасауға, тәжірибеде сындарлы қолдану механизмін қалыптастыруға жігіт көңіл бөлінді. Екіншіден, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылықтарын түсіндіруге, жаңа әкімшілік соттардың бағыт-бағдарын таныстыруға байланысты ақпараттық-насихат жұмыстары кең көлемді қолға алынды. Үшіншіден, жаңа соттарда жұмыс істейтін судьялар мен сот қызметкерлерін іріктеу, олардың біліктілігін арттырып, шеберлігін шыңдау бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілді. Осының арқасында әкімшілік әділет жүйесі халық ең көп жүгінетін, қоғамда сұранысы жоғары жобаларға айналды.

Алматы қаласының әкімшілік істер жөніндегі мамандандырылған сотының да құрылып, нәтижелі жұмыс істеп келе жатқанына бес жыл болды. Мұнда төрелік ету мәртебесі бұйырған әрбір судья жаңа сотта жұмыс істеудің жауаптылығын жақсы біледі. Әрі өзі еңбек еткен ұжымның ғана емес, жалпы әкімшілік әділет институтының жандануына өз үлесін қосып келеді.

– Жария-құқықтық дауларды қарау қиындық туындайды ма?

– Әр істің өз жетістігі мен қиындығы бар. Әкімшілік соттардың жұмысы да бірден бір ізге түсіп кетпегені белгілі. Судьяларға жария-құқықтық дауларды сапалы қараудың механизмін жедел



Жанар ЖАНАТБЕКОВА, Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы:

«ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – ТЕРЕҢ ІЗДЕНІС ПЕН ТЫНДЫРЫМДЫ ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ»

менгеріп, жаңа институтқа үміт артып отырған халықтың көңілінен шығу үшін көп ізденуге, еңбектенуге тура келді. Осы кезде біздер әкімшілік әділет институты жақсы дамыған елдердің сот тәжірибесіне жиі назар аудардық. Шетелдік әріптестердің жұмысын зерделеп, өзіндік біліктілігімізді көтеруге күш салдық. Көбінесе теорияда байқалмаған заңдық кемшіліктердің тәжірибе барысында аңғарылатыны рас. Мұндай кем-кетікті әріптестер арасында жан-жақты талқылап, пікір алмаса отырып, заңды жетілдіруге, жаңғыртуға қадам жасалдық.

Судьялар, мемлекеттік органдар және азаматтар үшін жаңа рәсімдерге бейімделу де бірқатар уақытты қажет етті. Әсіресе, соттың белсенді рөлі мен дәлелдеу жүктемесінің ерекшеліктері бастапқыда сұрақтар туындады. Қазіргі таңда ортақ тәжірибе орнығып, сот практикасы бірізденді. Судьялардың біліктілігі артты, мемлекеттік органдар да өз әрекеттерінде заң талаптарын қатаң сақтауға бейімделді. Процестер цифрландырылып, істерді қарау мерзімі қысқарды, ашықтық деңгейі өсті.

Осындай кешенді жұмыстардың арқасында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі азаматтар мен мемлекет арасындағы дауларды қараудың тиімді әрі әділ тетігін қалыптастырды. ӘРПҚ-нің басты ерекшелігі – «соттың белсенді рөлі» қағидатының енгізілуімен байланысты. Яғни, сот тек төреші емес, істің барлық мән-жайын толық әрі жан-жақты анықтауға мүдделі белсенді орган ретінде әрекет етеді. Бұл азаматтардың құқықтарын қорғауда теңгерімділікті қамтамасыз етіп, «күшті тарап» саналатын мемлекеттік орган мен «әлсіз тарап» саналатын – азамат арасындағы теңсіздікті азайтуға бағытталған.

– Өзіңізге әкімшілік сотта қы-

табысты еңбек етіп, әділ сот ретінде танылуыма ықпал еткен де сол кісілердің аманаты мен ықпалы.

Әкемінің өмірі – маған биік өнеге. Ол ешқандай қиындыққа мойымай, өзінің туған жерінде қажырлы еңбек етті. Мен шындық үшін күресудің, ешкімге жалтақтамай, тек тура жолмен жүрудің үлгісін әкемнен көріп өстім. «Туралықтан тайма, ақ пен қараны ажырата біл», «Біреудің ала жібін аттама», «Үлкенге құрмет, кішіге ізет ет» деген сөздерді өмірлік ұстанымына айналдырған әкем жақсы істерді санама сіңіре білді. Әділетке ұмтылу, қарапайым адам құқығын қорғау – менің мамандық таңдауыма себеп болды.

Ал атам – ауылдың қадірлі қариясы еді. Оның әрбір сөзі салмақты, ойы терең болатын. 1997 жылы мен Талдықорған заң колледжінің студенті атанғанда атам мені «Жанаттың сот қызы» деген еді. Осы сөздің артында үлкен сенім жатқанын кейін түсіндім. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей атамның дуалы сөзі осылайша өмірімнің өзегіне айналды.

Жалпы сот болу, төреші жасау – жай ғана мамандық емес. Бұл – ел сенімі мен заң алдындағы адалдықты қатар алып жүру аманаты. Мен әрбір істі қараған сайын, атамның үмітін, әкемінің ұста-

деген сенімін нығайтудан артық мәртебе жоқ шығар.

Бес жыл ішінде әкімшілік әділет саласында судьялардың біліктілігі артып, құқық қолдану тәжірибесі қалыптасты. Сонымен қатар, цифрландыру үдерісі де сот жүйесіне оң әсерін тигізіп, істерді қарау мерзімдерінің қысқаруына және ашықтықтың артуына ықпал етті. Осындай жүйелі жұмыстарды көрген, мемлекеттік органдармен дауда жеңіске жеткен тараптар үнемі жақсы сөзін айтып, алғысын білдіріп жатады. Елдің оң пікірін естіп, сенімге ие болсақ – біздің де өмірлік позициямыздың орындалғаны.

– Әкімшілік соттарда қандай даулар көп қаралады?

– Әкімшілік соттарда жер қатынастарына байланысты даулар (жер телімін беру, пайдалану мақсатын өзгерту); мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты даулар (өтініштердің қаралмауы немесе негізсіз бас тарту); салық және кеден даулары; атқарушылық іс жүргізу аясындағы даулар (сот орындаушылардың әрекеттері мен әрекетсіздігі) жиі қаралады. Бұл даулар азаматтардың күнделікті өмірімен тікелей байланысты болғандықтан, олардың үлесі жоғары.

– Әкімшілік соттарға жүзінген азаматтар қандай қателіктерге жиі жол береді?

– Тәжірибеде байқалғандай азамат-

тар жиі жіберетін қателіктер белгілі. Мәселен, жеке және заңды тұлғалар сотқа жүгіну мерзімдерін өткізіп алады, дауды сотқа дейінгі тәртіпте реттеу қажеттігін ескермейді, талап қою талаптарын дұрыс рәсімдемейді немесе дәлелдемелерді толық ұсынбайды. Сондай-ақ талаптың нысанасын дұрыс айқындамау (мысалы, әрекетсіздікті даулаудың орнына басқа талап қою); эмоцияға беріліп, құқықтық негіздемені жеткілікті деңгейде көрсетпеу жағдайларымен де жиі бетпе-бет келеміз. Бұл мәселелер азаматтардың құқықтық сауаттылығының жеткіліксіздігін көрсетеді.

– Халықтың құқықтық сауатты арттыру және әкімшілік соттың мақсатын түсіндіру бойынша қандай жұмыстар жасалды?

– Соңғы бес жылда бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілді. Соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы түсіндіру жұмыстары қолға алынып, соттардың ресми сайттарында және «Ашық сот» платформаларында ақпараттар жарияланды. Бұдан бөлек, судьялар мен мамандардың қатысуымен семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер ұйымдастырылып, мемлекеттік органдармен бірлесіп, құқықтық түсіндіру акциялары өткізілуде. Азаматтарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен жадынамалар әзірлеу де басты назарда тұр. Сонымен қатар, соттың жоғары бойынша мемлекеттік органдардың өкілдерімен, жеке сот орындаушылармен дөңгелек үстелдер жиі өткізіліп тұрады. Бұл шаралар әкімшілік соттың мәні мен мақсатын халыққа жеткізіп, құқықтық мәдениетті арттыруға ықпал етіп келеді.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет.

Түймегүл ИБАСHEBA,
«Заң газеті»



САРАП

Құқықтық мемлекет – азаматтардың алаңсыз өмір сүріп, қауіпсіздігін мінсіз қорғаудың кепілі. Сондықтан мемлекеттегі күштік құрылымдар мен сот жұмысын жандандыруға, заңдарды біріздендіріп, қоғамда ортақ тәртіпке бағыну мәдениетін нығайтуға басымдық беріліп келеді.

Халықтың құқықтық сауатты арқан сайын ел ішіндегі келіспеушіліктердің де азайып, сот дауларының да төмендейтіні ақиқат. Ол үшін заңдарды түсіндіру, сот реформаларынан көпшілікті дер кезінде хабардар ету бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуі керек.

Азаматтық соттарда мәмілені жасасу және тоқтатуға байланысты даулар жиі кездеседі. Мұндай құқықтық қатынасты заңдық реттеудің тәртібі азаматтық заңнамаларда толық дәйектелгенімен, қарапайым халық оған мән бере бермейді. Сот тәжірибесінен байқап жүргеніміздей мәмілеге байланысты даулардың көбеюіне бірнеше фактор әсер етеді.

Ең адымен жеке тұлғалар мәмілелер жасасу кезінде контрагенттерді тексермейді, беймәлім тұлғалармен немесе сенімсіз

компаниялармен мәміле жасасу – құқықтық сергелденеу түсіретін қадам. Бұдан бөлек келісім-шарттағы құжаттарға қарамай қол қояды, түбіртектерсіз ақша аударып, келісімдерді ресімдемеу де жиі орын алады. Келісім-шарттарды бұзу барысында да кездесетін кемшіліктер аз емес. Соның бастысы азаматтар жазбаша нысанды сақтамайды, тиісті рәсімдерден жалтару жағдайы жиі орын алып, активтердің қайтарылуын бақыламау да қателікке алып келеді.

Осындай құқықтық әуре-шілікке тап болмас үшін азаматтар мәміле жасар алдында құжаттарды сұратуы, қол қоюшының өкілеттігін тексеруі және жылжымайтын мүлік немесе бизнес жағдайында мемлекеттік тізімдерден үзінділерге тапсырыс беруі қажет. Келісімдегі шарттарға мән беріп, әр талап-

ты терең зерделеп оқу маңызды. Себебі күнделікті өмірде жеке тұлғалар мәміледегі ұсақ шрифтімен жазылған шарттарға мән бермейді немесе стандартты шарттарды оқымайды. Осылайша мәміледе ауыр айыппұлдар, жасырын төлем немесе қолайсыз шарттар жазылғанын дау туындағанда бір-ақ біліп, бармақ тістеп жатады.

Қаржыны қашықтан басқару үрдісі қалыптасқалы бері мәмілеге байланысты орын алатын даулардың ендігі бір парасы ақшаны «шартты түрде» аударуға, түбіртеккі алмай және ресми келісімшартсыз қолма-қол ақша немесе банк аударымы арқылы төлеуге байланысты туындап отыр. Мұндай әрекеттер дәлелдемелердің жоғалуына түрткі болады. Сондықтан, қаржыны аударуда сақтық, сауаттылық басты орында тұруы тиіс.

Форс-мажорлық жағдайлардың тәуекелдерін елемеудің соңы да сот әуресіне себеп болады. Ал әр кадамын ойланп жас-

сайтын азаматтар келісімшартта төтенше жағдайлардың алдын алу, кідірістер немесе шарттарды орындау мүмкін болмаған кездегі әрекеттерді жан-жақты дәйектеуі тиіс. Бұл да сотта өз құқығын қорғаудың жақсы мүмкіндігі.

Сонымен қатар соттағы мәмілелерді тоқтатуға қатысты даулардың туындауына бірнеше қателік негіз болып отыр. Біріншіден, азаматтар екіжақты келісімшарттың жасалғанына қарамастан мәмілені ауызша тоқтатады. Ал ауызша келісімнің заңды күші болмайтыны белгілі. Айталық егер тараптар ресми келісімге қол қоймай ажыраса, бастапқы келісім күшінде қалады және тараптардың бірі кез келген уақытта міндеттемелерді орындауды талап ете алады немесе қарызды өндіріп ала алады.

Екіншіден, мәмілені тоқтату растайтын құжаттардың болмауы сотта жеңілуге әкеледі. Себебі келісімшарт бұзылған жағдайда, міндеттемелерді тоқ-

тату туралы құжат жасалып, тараптардың бір-біріне талаптары жоқ екендігі анық көрсетілуі керек.

Үшіншіден, мәміледен біржақты бас тарту мүмкін емес. «Мен шартты орындай алмаймын, осымен мәмілені тоқтатамын» деу заңсыз. Яғни, келісімшартты сотсыз біржақты тоқтату құқығы көзделмесе, онда оның шарттарын орындауды тоқтату мүмкін емес.

Төртіншіден, қаржылық міндеттемелерді орындамау көбінесе сот дауларының орын алуына әкеледі. Сонымен бірге Азаматтық кодексте белгіленген процедуралық мерзімдерді өткізіп алу және құжаттарды дайындауда қателіктер жіберудің соңы азаматтардың өз құқығын қорғауына кедергі келтіретінін ұмытпаған жөн.

Келісімшарттарды жасасу, жарамсыз деп тану және бұзу бойынша даулар алдымен сотқа дейінгі рәсімде зерделенеді. Сотқа талап арыз бермес бұрын, азамат-

тар қарсы тарапқа келісімшартты ерікті түрде бұзу туралы жазбаша ұсыныс жіберуге міндетті. Азаматтық заңнамда көрсетілген мерзім ішінде қарсы тараптан жауап болмаған жағдайда ғана сотқа талап арыз беруге болады. Бұдан кейін талап арыз берген азамат мәміленің өрескел бұзылғанын дәлелдеуі керек. Егер екінші тарап елеулі бұзушылық жасаған болса, келісімшарт сотта бұзылуы мүмкін.

Сот тәжірибесінен белгілі болып отырғандай, мәмілеге байланысты дауларда бірқатар қиындықтар кездеседі. Соның ішінде мәмілелерді жарамсыз деп тандуға қарсылықтар, жалған мәмілелер, тараптардың әрекет қабілеттілігі, қолтаңба нысандарын пайдалану, қолжазбаны визуалды тексерудің қиындығы, дәлелдемелерді бағалаудағы мәселелер істерді таразылауда бірқатар қолайсыздықтар тудырады. Міне, осындай заңдық кедергілерге тап болмас үшін азаматтар заңдық құқықтарын біліп, әр құжатқа жауаптылықпен қарағаны абзал.

Алма АБДУХАЛЫКОВА,
Түркісіб аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЗАҢМЕН РЕТТЕЛУІ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы жылдары елімізде қоршаған ортаны қорғау саласын жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды реформалар қолға алынды. Соның жалғасы ретінде Мәжілісте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда талқыланды. Құжаттың басты ерекшелігі – экологияны табиғатты қорғау мәселесі ретінде ғана емес, экономикалық даму, инвестициялық саясат, қоғамдық денсаулық және ұлттық қауіпсіздікпен сабақтас кешенді сала ретінде қарастыруында.

Заң жобасын таныстырған Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы Еділ Жаңбыршин бүгінгі таңда экологиялық проблемалардың қоғам өмірінің барлық саласына ықпал етіп отырғанын айта келіп:

– Экология мәселелері әлдеқашан тар шеңбердегі мамандандырылған тақырып болудан қалды. Бұл – азаматтардың өмір сапасына, халық денсаулығына, елдің инвестициялық тартымдылығы мен ұлттық қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін стратегиялық мәселе, – деді.

Расында, қазіргі таңда қоршаған ортаның жағдайы халықтың өмір сүру ұзақтығынан бастап, өңірлердің экономикалық әлеуетіне дейін әсер ететін факторға айналды. Сондықтан экологиялық саясатты жетілдіру тек табиғатты қорғау ғана емес, мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралы саналады.

Ресми деректер елдегі экологиялық ахуалдың күрделілігін көрсетеді. Уәкілетті органның мәліметіне сәйкес, Қазақстанда жыл сайын атмосфераға шамамен 4 миллион тонна ластанушы зат шығарылады. Қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі 5 миллион тоннаға жуықтайды. Экологиялық тұрғыдан проблемалы нысандар саны 1580-ге жеткен. Мұның сыртында республикадағы 2700-ден астам полигонның тек 20 пайызы ғана санитарлық талаптарға сай келеді.

Мәселенің ауқымын халықаралық рейтингтер де көрсетіп отыр. Экологиялық тиімділік индексіне Қазақстан қалдықтарды басқару көрсеткіші бо-



йынша әлемнің көптеген елдерінен кейін орналасқан. Жаңбыршин мырзаның айтуынша, бұл жағдай бақылау жүйесін күшейтіп қана қоймай, экологиялық саясатқа жаңа экономикалық тетіктер енгізуді талап етеді. Соның бір қадамы заң жобасында бірыңғай экологиялық деректер жүйесін құру болып айқындалды. Яғни, жаңа құжаттың негізгі бағытының бірі – экология саласын цифрландыру.

Қазіргі уақытта қоршаған ортаның жай-күйіне қатысты ақпарат әртүрлі ақпараттық жүйеде сақталады. Мұндай бытыраңқылық мәліметтердің қайталануына және бақылау сапасының төмендеуіне әсер етеді. Жаңа түзетулер бойынша барлық негізгі ақпарат Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар жөніндегі ұлттық деректер банкінде шоғырландырылады. Оған табиғи ресурстар кадастрлары, өндірістік экологиялық бақылау есептері және автоматтандырылған мониторинг жүйелерінің деректері енгізіледі. Мұндай жүйе экологиялық бақылаудың ашықтығын арттырып, мемлекеттік органдардың шешім қабылдау тиімділігін күшейтеді деген сенім бар.

Климаттық міндеттемелерді орындаудың жаңа жолы да осы құжат аясында белгіленіп отыр. Қазақстан 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөнінде халықаралық міндеттеме алыпты. Бұл мақсатқа жету үшін заң жобасында көміртектік офсеттер тетігі қарастырылған. Яғни,

және қалалық әкімдіктерге бекітуді ұсынды. Сонымен қатар тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму бойынша шекті тарифтерді белгілеу құқығы да жергілікті атқарушы органдарға беріледі. Мамандардың айтуынша, бұл өңірлік ерекшеліктерді ескеруге және қалдықтарды басқару жүйесіне инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар заң жобасында өндірістік кәсіпорындардың жауапкершілігін күшейтуге бағытталған нормалар да бар. Бүгінге дейін нормадан тыс шығарындылар үшін төленетін айыппұлдарға қатысты құқықтық даулар жиі туып келді. Оның негізгі себебі – артық шығарындылар есептелетін кезеңнің нақты көрсетілмеуі. Енді бұл кезең соңғы өндірістік экологиялық бақылау жүргізілген күннен бастап

Ресми деректер елдегі экологиялық ахуалдың күрделілігін көрсетеді. Уәкілетті органның мәліметіне сәйкес, Қазақстанда жыл сайын атмосфераға шамамен 4 миллион тонна ластанушы зат шығарылады. Қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі 5 миллион тоннаға жуықтайды. Экологиялық тұрғыдан проблемалы нысандар саны 1580-ге жеткен. Мұның сыртында республикадағы 2700-ден астам полигонның тек 20 пайызы ғана санитарлық талаптарға сай келеді.

инвесторлар мемлекеттік орман қоры жерлерінде ағаш отырғызу немесе табиғи аумақтарды қалпына келтіру жобаларын қаржыландыра алады. Соның нәтижесінде қалыптасқан көміртек бірліктері нарықтық айналымға шығарылады. Мамандар мұны экология мен бизнестің мүдделерін ұштастыратын тиімді құрал деп бағалап отыр. Бұл бастама Мемлекет басшысының ел аумағында 2 миллиард ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасын орындауға да ықпал етуі мүмкін.

Еліміздегі өзекті экологиялық мәселелердің бірі – заңсыз қоқыс үйінділері екені белгілі. Ғарыштық мониторинг жыл сайын көптеген заңсыз қоқыс орындарын анықтағанымен, оларды жою жұмыстары барлық өңірде бірдей нәтиже бере бермейді. Себептердің бірі – жауапты органдардың өкілеттіктері нақты айқындалмаған. Заң жобасы бұл мәселені шешу үшін заңсыз қоқыс орындарын жою міндетін аудандық

есептеледі. Бұл норма экологиялық заңнаманы қолдану тәжірибесін біріздендіріп, кәсіпорындардың жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Заң жобасы қалдықтарды қайта өңдеу индустриясын қолдауды да көздейді. Егер май, қаптама және аккумулятор өндірушілері өндірісте кемінде 30 пайыз қайта өңделген шикізат пайдаланса, олар өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері бойынша бірқатар талаптардан босатылады. Бұл шара қайта өңдеу өндірісін дамытуға, қайталама шикізат нарығын кеңейтуге және айналым экономикасын қалыптастыруға бағытталған. Экономистер мұндай ынталандыру болмаса қалдықтарды қайта өңдеу саласын жаңа деңгейге көтеру қиын екенін айтып отыр екен.

Заң жобасында қоғамдық бақылау мен экологиялық ағарту мәселелері де қамтылған. Құжатқа сәйкес экологиялық ағарту табиғатты қорғау шараларының міндетті бағытына айналады.

Сонымен қатар қоғамдық тыңдаулар өткізу рәсімдері жетілдіріледі. Бұл тұрғындардың экологиялық маңызы бар шешімдерді қабылдау процесіне қатысуын арттыруға мүмкіндік береді. Экологтардың айтуынша, кез келген заңның тиімділігі қоғамның экологиялық мәдениет деңгейімен тікелей байланысты.

Заң жобасын талқылау барысында депутаты Айдарбек Ходжаназаров экологиялық инспекторларға прокуратура органдарын алдын ала хабардар етпей тексеру жүргізу құқығын беру жөніндегі түзетуге қатысты өз ұстанымын білдірді. Оның айтуынша, бұл норма кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға қатысты қалыптасқан құқықтық кепілдіктерді әлсіретуі мүмкін. Мемлекеттік экологиялық бақылау бағынан дейін Кәсіпкерлік кодексінің аясынан шығарылып, Экологиялық кодекс арқылы реттеле бастаған. Енді жоспардан тыс тексерулер кезінде прокуратура органдарын хабардар ету немесе олардың санкциясын алу тәртібінен бас тарту бақылау-қадағалау жүйесіндегі құқықтық тепе-теңдікке әсер етуі ықтимал.

– Біз қоршаған ортаны қорғау мәселесінің маңызын толық түсінеміз және экологиялық бақылаудың тиімді болғанын қолдаймыз. Алайда кез келген бақылау тетігі заң үстемдігі қағидаттарына және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау талаптарына сай болуы тиіс. Сондықтан экологиялық бақылаудың тиімділігі мен бизнестің заңды мүдделері арасында тепе-теңдік сақталуы қажет, – деді депутат.

Ол сондай-ақ аталған түзетудің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін күшейтуі мүмкін екеніне назар аударды. Депутаттың айтуынша, әсіресе ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін шаруалар мен фермерлер үшін қосымша өкімшілік қысым туындау қаупі бар. Ауылдық жерде түрлі жағдайлар болуы мүмкін. Табиғи факторлардан немесе өндірістік ерекшеліктерден туындайтын кез келген оқиға жоспардан тыс тексеруге негіз болып кетсе, бұл кәсіпкерлер үшін қосымша қиындықтар туғызады. Сондықтан бақылау жүйесі ашық, түсінікті және заңмен нақты реттелген болуы керек.

Осыған байланысты Айдарбек Ходжаназаров жоспардан тыс экологиялық тексерулер прокуратура органдарының санкциясымен немесе міндетті түрде хабардар ету тәртібі арқылы жүргізілуі қажет деп санайды. Оның пікірінше, бұл бір жағынан қоршаған ортаны қорғау міндеттерін тиімді орындауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан кәсіпкерлік субьектілерінің құқықтарын сақтауға және құқықтық қайшылықтардың алдын алуға жағдай жасайды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ФОРУМ

ПИРАТТЫҚ ӨНІМДЕРМЕН КҮРЕСТІ НӘТИЖЕЛІ ЕТҮДІҢ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз жолдауында: «Жасанды интеллектті кеңінен енгізу және жаппай цифрландыру стратегиялық бағыттың басты құрамдас бөлігіне айналуға тиіс», – дегені есімізде.

Бұл бағдар цифрлық технологиялар құқықтық реттеуді бейімдеуді де, құқық қолдану тетіктерін жаңартуды да талап ететін зияткерлік меншік саласына толықтай қатысты.

Қазақстан Республикасында бұл мәселеге айрықша басымдық берілді. Бүгінде бұл салада цифрлық инфрақұрылым жүйелі түрде қалыптасып, патенттік ведомствоның электрондық қызметтері дамып келеді, жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, патенттік ақпаратты талдау құралдары енгізілуде. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтардың сипаты да өзгереді: контрафакт барған сайын цифрлық ортаға ауысып, онлайн-платформаларды, автоматтандырылған тарату арналарын және жаңа технологиялық шешімдерді пайдалануда. Бұл мемлекеттен құқық қолдану тәсілдерін жаңартуды және барабар әрекет ету құралдарын әзірлеуді талап етеді.

Мұндай жағдайларда зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және жалған өнімге қарсы күресті тек бақылау функциясы ретінде қарастыруға болмайды. Керісінше, ол құқықтық реттеуді, цифрлық шешімдерді, ведомствоаралық ынтымақтастықты және халықаралық ынтымақтастықты біріктіретін кешенді жүйені әзірлеуді талап етеді.

Осы қиындықтарды шешу үшін 2025 жылы



«Зияткерлік меншік туралы кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданған болатын. Заң құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыруға және заманауи, ашық құқықтарды басқару жүйесін құруға бағытталған.

Заңның негізгі бағдары ұжымдық құқықтарды басқаруға арналған Бірыңғай цифрлық платформаны кезең-кезеңімен енгізуге негізделген. Платформа келісімшарт жасасудан бастап бүкіл циклді қамтиды және процестің ашықтығын қамтамасыз етуге, сәйкестікті бақылауды күшейтуге және

пайдаланушылар мен авторлық құқық иелері арасындағы сенімді арттыруға арналған.

Бұл платформаның әртүрлі пайдаланушы санаттарының нақты қажеттіліктерін ескере отырып, кезең-кезеңімен енгізіліп жатқанын атап өту маңызды. Мұндай тәсіл нарыққа шамадан тыс ауыртпалық түсірмей, жүйенің тұрақтылығын және құқық қорғау тәжірибесінің бейімделуін қамтамасыз етеді. Біз цифрлық трансформация мен жасанды интеллект технологияларын тек жаңа қиындықтардың көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар жалған ақша жасауды күресудің, зияткерлік меншік мәмілелерінің ашықтығын арттырудың және заңды бизнесті қорғаудың тиімді құралы ретінде қарастырамыз.

Бұл бағыттағы жұмыстарда халықаралық ынтымақтастықтың маңызы айрықша зор. Қазақстан Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымымен, Еуразиялық патенттік ведомствомен, бейінді халықаралық және өңірлік құрылымдармен, сондай-ақ шет мемлекеттердің ұлттық ведомстволарымен өзара іс-қимылды жүйелі түрде кеңейтіп келеді. Мұндай диалог трансшекаралық контрафактіге қарсы іс-қимылдың келісілген тәсілдерін әзірлеуге және озық тәжірибелермен алмасуға мүмкіндік береді.

Осы ретте «Антиконтрафакт» халықаралық форумы цифрландырумен және жасанды интеллектті қолданумен байланысты жаңа сын-қатерлерді талқылаудың, сондай-ақ контрафактінің заманауи нысандарына қарсы іс-қимылдың практикалық тәсілдерін әзірлеудің маңызды алаңына айналғанын атап өткен абзал.

Форум барысында құқықтық қорғауды нығайтуға, адал нарықтарды дамытуға және мемлекетаралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталған салмақты шешімдер ұсынылды.

Т.И.БАШЕВА,
«Заң газеті»



ТАЛҚЫ

ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМДЕР МЕН ТАТУЛАСУ ИНСТИТУТЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процесстік келісімдер мен татуласу институттары ерекше орын алады. Оларды өнгізу қылмыстық саясатты ізгілендіру, қылмыстық сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыру, процесстік шығындарды азайту және құқық қорғау мен сот жүйесінің жүктемесін төмендету қажеттілігімен байланысты болды.

Кінәні мойындау туралы келісімдердің саны неге аз?

Кінәні мойындау туралы мәміле прокурор мен күдікті, айыпталушы не сотталушы арасында онша ауыр емес, орташа ауырлықтағы немесе ауыр қылмыстар бойынша жасалады. Мұндай мәміле жасау адамның өзіне тағылған күдікпен не айыппен келісуі, ерікті түрде мойындауы, дәлелдемелерге, келтірілген зиянның сипаты мен мөлшеріне дау келтірмеуі, сондай-ақ жәбірленушінің келісімі болған жағдайда мүмкін болады.

Кінәні мойындау туралы мәміле институты қылмыстық саясатты ізгілендіруге, қылмыстық процесстің репрессивтілігін төмендетуге, сот ісін жүргізуді жеделдету мен жеңілдетуге, жәбірленушінің бұзылған құқықтарын жедел қалпына келтіруге, келтірілген зиянды өтеуге, тергеу органдары мен соттардың жүктемесін азайтуға, мемлекеттің процесстік шығындарын қысқартуға бағытталған.

Неғұрлым жеңіл жаза тағайындау мүмкіндігі айыпталушыны тергеумен ынтымақтасуға және кінәні мойындауға ынталандырады. Өзінің құқықтық табиғаты бойынша бұл институт қылмыстық процессті дамытудың заманауи үрдістеріне және процесстік үнемдеу міндеттеріне толық сәйкес келеді.

Алайда аталған институттарды іс жүзінде қолдану шектеулі болып қалып отыр. Құқықтық статистиканың ресми деректеріне сәйкес, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы жасалған процесстік келісімдердің саны: 2015 жылы – 2 617; 2016 жылы – 2 252; 2017 жылы – 2 870; 2018 жылы – 1 565; 2019 жылы – 1 727; 2020 жылы – 2 143; 2021 жылы – 1 618; 2022 жылы – 1 628; 2023 жылы – 1 606; 2024 жылы – 1 278; 2025 жылы – 1 000-нан аз болды. Келтірілген деректер кінәні мойындау туралы мәміле институтын қолданудың тұрақты төмендеу үрдісінің бар екенін көрсетеді.

Қылмыстық-құқықтық жанжалды шешудің баламалы нысандарын қолдану қысқарған

Осыған ұқсас жағдай Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабы негізінде тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық істерді тоқтатуға қатысты да байқалады.

Тоқтатылған істердің саны: 2015 жылы – 57 829; 2016 жылы – 64 207; 2017 жылы – 56 064; 2018 жылы – 53 720; 2019 жылы – 57 321; 2020 жылы – 37 352; 2021 жылы – 27 047; 2022 жылы – 22 908; 2023 жылы – 20 907; 2024 жылы – 22 113; 2025 жылы – 20 000-нан аз болды.

Бұл ретте 2015 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде сотталғандардың жыл сайынғы саны шамамен бірдей деңгейде қалып, 30 мың адамды құрайды. Осылайша, процесстік келісімдер мен татуласулар санының азаюы қылмыстық қудалау деңгейінің төмендеуімен байланысты емес, керісінше қылмыстық-құқықтық жанжалды шешудің баламалы нысандарын қолданудың қысқарғанын көрсетеді.

Менің ойымша, процесстік келісімдер мен татуласуды жеткіліксіз қолданудың себептері мынадай мән-жайлар болып табылады. Негізгі проблема тек құқықтық реттеудің жеткіліксіздігінде емес, институционалдық және құқық қолдану практикасының ерекшеліктерінде.

Ең алдымен, құқық қорғау орган-

дары қызметінің айыптау-статистикалық моделінің бар екенін атап өткен жөн. Тергеу органдары мен прокуратура дәстүрлі түрде қылмыстық істерді сотқа жіберуді тиімділіктің негізгі көрсеткіші ретінде қарастырады. Бұл жүйеде істі сотқа жолдау оң нәтиже ретінде бағаланады, істі тоқтату тергеудің «толыққанды емес» аяқталуы ретінде қабылданады, ал татуласу мен процесстік келісімдер іс жүзінде ынталандырылмайды. Ведомстволық қызмет көрсеткіштері негізінен процесстік үнемдеуге емес, ашылған қылмыстар мен сотқа жолданған істердің санына бағдарланған.

Екіншіден, тергеу мен прокуратура үшін жеткілікті ынталандырулар жоқ. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процесстік келісімді жасау қосымша процесстік әрекеттерді, келісім мәтінін дайындауды, келісулерді, арнайы сот рәсіміне қатысуды талап етеді. Бұл ретте тергеушілер мен

Істі сотқа жібергенге дейін қылмыстық процесстің міндетті сатысы – айыптау мен қорғау тарапы арасындағы ақпарат алмасу сатысын өнгізу қажет. Бұл сатыда прокурор мен адвокат материалдармен алмассады, істі сотқа жіберу перспективаларын, қылмыстық қудалауды тоқтату не процесстік келісім жасау мүмкіндігін талқылайды. Дәл осы жерде жарыспалы сот процесінің қажеттілігі туралы түпкілікті шешім қабылданып тиіс. Бұл ретте сотқа толыққанды жарыспалы процесс үшін істердің ең аз саны ғана түсуге тиіс, ал олардың негізгі бөлігі сотқа дейінгі сатыда шешілуі немесе сотқа қысқартылған тәртіпте қарау үшін жіберілуі керек деген тұжырымдама негізгі қағидаға айналуы қажет.

прокурорлардың қызметін бағалау жүйесі баламалы сот ісін жүргізу нысандарын қолданудың тиімділігін іс жүзінде ескермейді. Соның нәтижесінде лауазымды тұлға үшін әдеттегі тергеу көбінесе оңай әрі қауіпсіз болып көрінеді.

Үшіншіден, қалыптасқан практиканың себептерінің бірі – процесс қатысушыларының сенімсіздігі. Тергеу, прокуратура, қорғау тарапы және жәбірленушілер көбінесе процесстік келісімдер мен татуласуға күмәнмен қарайды. Қосымша фактор ретінде тараптар, сондай-ақ тергеу мен прокуратура қызметкерлері арасындағы уағдаластықтарға байланысты сыбайлас жемқорлық күдігіне ұшырау қаупі көрініс табады.

Процестік келісім қосымша кәсіби тәуекел ретінде қабылданбауы керек

Тергеудің практикалық қызметкерлері кінәні мойындау туралы процесстік келісімдердің жеткіліксіз жасалуының себептерінің бірі ретінде соттың келісімді бекітуден бас тарту қаупін де атайды. Сот процесстік келісімді бекітуден бас тартуға қатысты кең өкілеттіктерге ие. Тергеуші мен прокурор соттың бас тартуынан және үкімнің жоғары тұрған сатыларда күшін жоюынан қауіптенеді, бұл тәртіптік салдарға әкеп соғуы мүмкін. Нәтижесінде процесстік келісім қосымша кәсіби тәуекел ретінде қабылданады.

Сонымен қатар, практикада процесстік келісім бірнеше деңгейде келісуді талап етеді. Бұл әсіресе онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы істер бойынша рәсімді қолдануды ұзақ әрі қолайсыз етеді.

Қолданыстағы модель айыпталушыға жазаны едәуір жеңілдетуге кепілдік бермейді. Қазақстандық модель континенталдық және англосаксондық процесстің элементтерін үйлестіреді. Сот кең дискрециялық өкілеттіктерді сақтап қалады, сондықтан айыпталушы мен оның қорғаушысы кінәні мойындаудың практикалық мәнін әрдайым көре бермейді. Сот келісім талаптарымен байланысты емес, судьялық қалау еркіндігін сақтайды және әрекетті саралаумен келіспеген жағдайда не келісімде ұсынылған жазаның тым жеңілдігі себепті істі келісімді іс жүзінде қараудан бас тарта алады. Мұндай жағдайларда іс жүзінде соттың айыптау тарапының қалау шегіне араласуы орын алады. Нәтижесінде айыпталушы кепілдендірілген нәтижеге қол жеткізе алмайды. Келісімнің болуына қарамастан, сот дәлелдемелерді зерттеуді және айыптаудың негізділігін тексеруді жалғастырады, бұл процесстік үнемдеу әсерін едәуір төмендетеді.



Әбдірашид ЖҮКЕНОВ,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Құрметті профессоры, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің төң төрағасы

тарға негізделген: қылмыстық істерді барынша сотқа дейінгі сатыда шешу; процесстік келісімдерді белсенді қолдану; тараптар арасында дау болмаған жағдайда істерді жеңілдетілген тәртіппен сотта қарау; құқық қорғау жүйесінің ресурстарын күрделі және аса ауыр қылмыстарды тергеуге шоғырландыру. Мұндай жүйелерде толыққанды жарыспалы сот талқылауы тек айыпталушы кінәсін мойындамаған, әрекетті саралау бойынша дау болған немесе тараптар келісімге қол жеткізбеген істер бойынша ғана өткізіледі. Бұл тәсіл тергеу органдарының, прокуратура мен соттардың жүктемесін едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыру мақсатында заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралар кешенін қабылдау қажет деп саналады.

Процестік келісімдер мен татуласу қолданылатын саланы кеңейту – осы институттарды қолдану шектерін заңнамалық тұрғыдан ұлғайту.

Жәбірленушінің өліміне байланысты емес, соның ішінде меншікке және жеке адамға қарсы жекелеген аса ауыр қылмыстар бойынша да процесстік келісімдер жасау мүмкіндігін – ауыр зардаптар болмаған жағдайда кейбір ауыр қылмыстар бойынша міндетті татуласуды қолдануды (ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігі), аталған институттарды көмелетке толмағандар мен 21 жасқа дейінгі тұлғалар жасаған қылмыстарға неғұрлым кеңінен қолдануды көздеу орынды. Атап айтқанда, көрсетілген тұлғалар қылмысты алғаш рет жасаған және оларды әлеуметтендіруге жағдай болған кезде есірткінің заңсыз айналымына байланысты құрамдарға процесстік келісімдерді қолдануды кеңейту өзекті.

Қылмыстық кодексте кінәні мойындау туралы процесстік келісім жасалған кезде шартты жазаны неғұрлым кеңінен қолдануды және жазаны едәуір қысқартуды көздеу қажет. Мысалы, негізгі жаза түрінің мерзімі немесе мөлшері – онша ауыр емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған кезде – тиісті бапта көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің үштен бірінен, ал ауыр қылмыс жасаған кезде – жартысынан аспауға тиіс.

Заңнаманы тараптардың мәмілесі (өзара келісімі) болып табылатын кінәні мойындау туралы процесстік келісім институтының табиғатына сәйкестендіру, оның ішінде соттың процесстік келісімді бекітуден бас тарту негіздерін барынша азайту қажет. Соттың тараптар ұсынған әрекетті саралауымен және жаза мөлшерімен келіспеу негіздерін кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процесстік келісім институты-

на қайшы келетін тетік ретінде алып тастау қажет. Соттың келісімді бекітуден бас тарту негіздері ретінде тек оны жасау кезінде тараптардың құқықтарының бұзылуына әкеп соққан қылмыстық және қылмыстық-процестік заңның елеулі бұзылушылықтарын, сондай-ақ айыпталушының кінәлілігіне күмәннің болуын ғана көздеу қажет.

Процестік келісім жасау кезінде келісу рәсімін жеңілдету, келісімдерді бекіту құқығын аудандық деңгейдегі прокурорларға беру, процесстік келісімдердің үлгілік нысандарын өнгізу қажет.

Құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін өзгертіп, тергеу мен прокуратура қызметін бағалаудың оң көрсеткіштері ретінде жасалған процесстік келісімдердің санын, татуласуға байланысты тоқтатылған істердің санын, сондай-ақ процесстік үнемдеу көрсеткіштерін көздеу ұсынылады.

Кінәні мойындау туралы мәміле және тараптардың татуласуы нысанындағы процесстік келісімдерді қолдануды кеңейтудің маңызды шараларының бірі – тергеу және прокуратура органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған заманауи цифрлық технологияларды кеңінен өнгізу болуы тиіс.

Цифрландыру келісімдік рәсімдерге деген сенімді арттырады

Аталған институттарды практикада шектеулі қолданудың себептерінің бірі – процесс қатысушылары арасындағы өзара сенімсіздік, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық күдігі мен қабылданған шешімдердің заңдылығын кейін бағалауға қатысты қауіптенулері. Мұндай жағдайда қылмыстық процессті цифрландыру келісімдік рәсімдерге деген сенімді арттырудың маңызды тетігі бола алады.

Осыған байланысты: процесстік келісім жасау және тараптарды татуластыру жөніндегі келіссөздерді міндетті аудио және бейнефиксациялауды өнгізу; процесстік келісімді келісудің барлық сатыларын цифрлық құжаттандыру; прокурор мен сот тарапынан процесстік бақылау жасау мүмкіндігі бар келісімдік рәсімдердің бірыңғай электрондық платформасын құру; процесстік келісімдер мен татуласуды қарау мерзімдерін, негіздері мен нәтижелерін есепке алуды автоматтандыру; келісім жасауға байланысты материалдарға тараптардың электрондық қол жеткізуін қамтамасыз ету; кінәні ерікті түрде мойындауды және жәбірленушінің келісімін тіркеу үшін электрондық қылмыстық істі пайдалану орынды болып көрінеді.

Заманауи технологияларды қолдану сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға, субъективті қалау деңгейін төмендетуге, келіссөз рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуге және процесс қатысушыларының процесстік келісімдер мен татуласу институттарына деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, аталған рәсімдерді цифрландыру келісу процесстерін жеделдетуге, бюрократиялық кедергілерді қысқартуға және құқық қолдану практикасының бірізділігін қалыптастыруға ықпал етеді. Түптеп келгенде, бұл Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде келісімдік тетіктерді неғұрлым кеңінен қолдануға қосымша жағдайлар жасайды.

Істі сотқа жібергенге дейін қылмыстық процесстің міндетті сатысы – айыптау мен қорғау тарапы арасындағы ақпарат алмасу сатысын өнгізу қажет. Бұл сатыда прокурор мен адвокат материалдармен алмассады, істі сотқа жіберу перспективаларын, қылмыстық қудалауды тоқтату не процесстік келісім жасау мүмкіндігін талқылайды. Дәл осы жерде жарыспалы сот процесінің қажеттілігі туралы түпкілікті шешім қабылданып тиіс. Бұл ретте сотқа толыққанды жарыспалы процесс үшін істердің ең аз саны ғана түсуге тиіс, ал олардың негізгі бөлігі сотқа дейінгі сатыда шешілуі немесе сотқа қысқартылған тәртіпте қарау үшін жіберілуі керек деген тұжырымдама негізгі қағидаға айналуы қажет. Толыққанды жарыспалы сот талқылауына тараптар келісімге келмеген, күдікті кінәсін мойындамаған немесе құқықтық саралаумен келіспеген істер ғана түсуге тиіс.

Жоғарыда аталған ұсыныстарды заңгерлік қауымдастықта талқылаумен қатар, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдарының Үйлестіру кеңесі отырысында қарау орынды болар еді.

БЕЗБЕН

ДЕРБІСЕКТЕГІ ДАУ КӘСІПКЕР МЕН ИНВЕСТОРЛАР СЕНІМІН СЕТІНЕТЕДІ

Түркістан облысының Сарыағаш ауданы Дербісек ауылындағы тауызу мәселесі соңғы бірнеше айда аймақ шеңберінен шығып, республика көлеміндегі талқының тақырыбына айналды. Жыл сайын бюджетке жарты миллиард теңге салық төлеп отырған «Рауан» ЖШС-і қызметкерлерінің Мемлекет басшының атына жолдаған үндеуі бұл жағдайды мүлде күрделендіріп отыр. Көпшілік тарапынан көп сауалдар туындаған соң мәселе бойынша аудан әкімі Арман Абдуллаев 5 мамырда Түркістанда, 28 мамырда Дербісекте БАҚ өкілдері үшін арнайы брифинг өткізді.

Даудың басы 1968 жылы пайдалануға беріліп, 2001 жылға дейін мемлекет меншігінде болған «ТП-32» ұнғымасына қатысты туындап отыр. Минералды су шығатын бұл ұнғымаға «Рауан» ЖШС 2001 жылдан иелік етіп келеді. 25 жылдан бері қызметін жандандырып, меншігіндегі ұнғыманы көзінің қарашығындай сақтап қоймай, табыстың көзіне айналдырып отырған бұл ұнғымаға қатысты мәселенің дәл қазір, не мақсатпен туындағаны түсініксіз. Брифингте аудан әкімі Арман Абдуллаев: «Ата Занымыздың (ред. 6-бабы 3-тармағында): «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі» делінген. Сосын Су кодексінің 4-бабында «халықты ауызсумен бірінші кезекте қамтамасыз ету» мәселесі қарастырылған. Біз бірінші кезекте халықты сумен қамтамасыз етеміз. Сонымен қатар «Рауанды» да, басқа кәсіпкерлерді де осы ұнғымадан шыққан сумен қамтамасыз етеміз деп жоспарлап отырмыз. Егер «Арал-Сырдария» мекемесінің су беру туралы шешімін алатын болсақ, ұнғыма Сарыағаш аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөліміне қарасты «Сарыағаш тұрмыс» мекемесіне басы бүтін беріледі», – дегенді айтты.

Өкініштісі сол, «Арал-Сырдария» мекемесі «Рауан» ЖШС-ның су ресурстарын пайдалану құқығын созуға ынта танытпай отыр.

«Аудан әкімі сілтеме келтіріп отырған Конституцияның 6-бабының 1, 2-тармағында: «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді» деп жазылған. Бізді алаңдатып отырған мәселе аудан мен облыс басшыларының Сарыағаш ауданындағы жер астынан шығатын минералды суды өндіріп отырған 30-дан астам кәсіпорынның ішінде құзырлы органдарға тек біздің компанияға ғана түрлі тексе-

ру жұмыстарының жүргізілуі. Қазіргі таңда ауданда тек біздің компанияда ғана жер асты су қорына қатысты 10 жылға арналған зерттеу қорытындысы бар. Осыған қарамастан облыс әкімдігі министрлікке арнайы хат жолдап, оған негіз болатындай ешқандай құжат ұсынбастан «Рауан» ЖШС-нің су алуға берілген рұқсатын созбай отыр. Алайда бұл хатта олар өз сөздеріне негіз болатын ешқандай сараптама қорытындысын ұсынбаған», – дейді «Рауан» ЖШС-і құрылтайшысы Ерлан Омаров.

Сонда әлдеқашан жекенің меншігіне өтіп, өндірісті, оның ішінде өңдеу өнеркәсібін дамытып, 100-ден астам өнім түрін шығарып отырған компания кімге және не үшін жақпай қалды? Бүгінде 200-ден астам адамды тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отырған мекемеге қатысты қысымның сырын немен байланыстырған дұрыс?

Расында «Рауан» ЖШС-інің өндірген өнімдері Қазақстанды былай қойғанда, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай және Монғолия тұтынушыларының көңілінен шығып, бәсекеге қабілеті халықаралық нарықта мойындалған. Осындай жұмысын жолға қойып, салықты уақытылы төлеп келе жатқан кәсіпорын жұмысына қатысты 6 айда билік органдарына 575 арыздың түсуі де көңілге күмән ұялатады.

Ауыл тұрғындарының пікірі қазір «Рауан» ЖШС-нің қызметіне қатысты дау-дамай бойынша бір емес, бірнеше бөлінген. Атап айтқанда, компанияда қызмет ететін 70-ке жуық ауыл тұрғыны «құзырлы органдар жер мен суға берілген лицензияны ұзартпаған жағдайда бәріміз жұмысыз қалуымыз мүмкін. Яғни, осыныша отбасының тұрақты жұмыс орнынан айырылуы біздің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымызға өз әсерін тигізеді анық. Ал ел бюджеті кемінде 500 млн теңге көлеміндегі салықтық түсімнен қағылмақ. Сондай-ақ біздің минералды суды тұтынып отырған шетелдік серіктестер алдында компанияның ғана емес, Қазақстанның да абырой-беделіне нұқсан келетіні анық. Өйткені бұл елдерде де бір емес, бірнеше жүздеген адам қазақстандық өнімді жеткізу, тарату қызметінде жұмыс жасап отыр. Олар қазірдің өзінде біздің



компанияға қатысты соттық дау-дамайға алаңдап, басшылыққа түрлі хаттар жолдауда» дейді.

Ауыл тұрғындары қазір ұнғымадан шыққан минералды суды компанияның жүргізіп берген су құбырлары арқылы кейбірі өз үйіне кіргізіп, өзгелері көше бойындағы суағарлар арқылы тасымалдап, ауызсуға және өзге де шаруашылық қызметін тегін пайдаланып отыр. Бұл тұрғындар алдағы уақытта ұнғыма мемлекет меншігіне өтсе, ауыз суды тегін тұтыну жеңілдігінен қағылып қалмаймыз ба деп алаңдайды. Өйткені бүгінде олардың пайдаланып отырған суының салығын компания бюджетке өз есебінен төлеуде.

Минералды суды тек тасымалдап ішіп отырған өзге тұрғындар болса «судың игілігін барлық адам тең көруі керек. Бұл үшін ұнғымадан шыққан су мемлекеттік ауызсу құбыры жүйесі жобасы аясында жүргізілген су құбырына қосылуы тиіс. Өйткені біз Өзбекстаннан келетін каналдан алынатын егістікке қолдануға арналған, сапасы сын көтермейтін лас суды ішуге мәжбүр болып отырмыз» деген реніштерін алға тартуда.

Тағы бір топ «ауылды ауызсумен қамту жобасына тапсырыс берушілер ғылыми түрде дәйектелген зерттеулерге сүйенбей, үстірт жасалып, қабылданған жобаның есебін әлі берген жоқ. Таза су 250 метрлік тереңдіктен алынбайды дегенді кезінде 2 ұнғыманы қазымыз дегенде біз айтқанбыз. Алайда ешкім біздің сөзімізге құлақ аспады. Сондықтан бұл жобаға жұмсалған 2 млрд теңгеге жуық бюджет қаржысына прокуратура, сот, ұлттық қауіпсіздік комитеті, антимонополиялық агенттік

тексеру жүргізу керек. Өкімдердің жаңа жоба жасауға кірісуі қаншалықты заңды екенін құзырлы органдар анықтаса дұрыс болар еді», – деп мұң шақты.

Шынында да біз тілдескен тұрғындардың бір тобы өздерінің аты-жөнін айтудан үзілді-кесілді бас тартып, «біз «Рауанды» қолдасақ ауылдың өзге тұрғындары сендер кәсіпкерге сатылдыңдар деп айыптайды. Ұнғыма мемлекетке қайтарылсын деп жүрген шағын топтың бүкіл ауыл тұрғындары-

рамсыз боп шыққандықтан, 16 мыңнан астам ауыл тұрғынын сапалы ауызсумен тұрақты қамтамасыз ету бастамасы тығырыққа тірелген.

Сарыағаш ауданының әкімі А.Абдуллаевтың сөзіне қарағанда, «ТП-32» ұнғымасынан шыққан минералды суды резервуарға жеткізу үшін құны 130 млн теңгені құрайтын ауызсу құбырын тарту жобасы жасалған. Оған облыстық бюджеттен 100 млн теңге бөлініп, енді мердігері анықталып жатыр. Бұдан бөлек құны 902 млн теңгені құрайтын тағы бір жоба әзірленуде. Бұл жалғыз Дербісек ауылы емес, аудандағы 6 елді мекенді қамтиды. Осы екі жоба толық жүзеге асатын болса, болашақта Дербісектегі ауызсу мәселесі толық шешіл-мек.

Алайда аудан әкімінің бұл сөзіне брифинг кезінде ауыл тұрғындары арасында сенімсіздік білдіргендер де болды. Олар 1968 жылы қазылған «ТП-32» ұнғымасының 50 жылдық жарамдылық мерзімі әлдеқашан біткенін, егер ол мемлекет меншігіне қайтарылған жағдайда тозығы жеткен ұнғыманы қалпына келтіру үшін тағы да теңдер жариялана ма? Ұнғымаға иелік етіп отырған компания құзырлы орган су алуға берілген лицензияның мерзімін ұзартатын болса, оны қайта жаңғыртып, оның жұмысын тағы 50 жылға ұзарту үшін жеке қаржысын жұмсауға дайын екенін білдірген. Бюджетке қайта-қайта

Сонда әлдеқашан жекенің меншігіне өтіп, өндірісті, оның ішінде өңдеу өнеркәсібін дамытып, 100-ден астам өнім түрін шығарып отырған компания кімге және не үшін жақпай қалды? Бүгінде 200-ден астам адамды тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отырған мекемеге қатысты қысымның сырын немен байланыстырған дұрыс?

ның атынан мәлімдеме жасап, құзырлы органдарға арыз-шағым жолдаудан қолы босамай жүр. Бізге тыныштық керек» деді. Олардың айтуынша, «Рауан» ЖШС-не қатысты жағдайдан кейін мұнда өзге кәсіпкерлер келіп, жаңа өндіріс орнын ашып, ауыл, аудан экономикасына инвестиция салуға құлшына қоймайды.

Компанияның тең құрылтайшыларының бірі Нұрлан Омаровтың айтуынша, бұл кездейсоқ жағдай емес. Ауыл тұрғындарын әрі-сәрі етіп, жік-жікке бөліп отырғандардың іс-әрекетінен кәсіпкерлер де хабардар. Компанияға қатысты мәселені ушықтырып отырғандардың ісі «Суға кеткен тал қармайды» дегеннің өзі. Облыс пен аудан басшылығының ауылды таза ауызсумен қамту мәселесіне «Рауан» ЖШС-ін араластыруы жұртшылық назарын басқа жаққа аударуға жасалған айла.

Дербісек ауылдық округінің әкімі Дәулет Артықбаевтың айтуынша, 2022–2024 жылдары жүзеге асырылған құны 1,9 млрд теңгені құрайтын алғашқы жоба аясында 186 шақырым ауызсу құбыры жүргізілген. 250 метрлік тереңдіктен таза ауыз су өндіру үшін екі ұнғыма қазылып, әрқайсысы 1,5 мың тонналық екі резервуар жасалған. Алайда ұнғымалардан алынған су ішуге жа-

алақан жайғанша, неге оны жеке инвестордың өз қаржысына жүргізуіне мүмкіндік бермейміз деп сұраған. Аудан әкімі ұнғыма мемлекет қарамағына өтсе, оны жаңғырту бюджет қаржысына жасалатынын растады.

Яғни, Дербісектегі ауызсу мәселесі тағы бірнеше жылға созылуы әбден мүмкін. Себебі «Рауан» ЖШС-нің иелігіндегі ұнғыма орналасқан 0,15 гектар жер телімін мемлекет меншігіне қайтару туралы аудандық соттың шешімі шыққан. Осылайша Мемлекет басшысының бизнестің және инвесторлардың қызметіне билік органдарының негізсіз кедергі келтірмеуі туралы тапсырмасы Түркістан облысында дұрыс орындалмауда. «Оны жергілікті инвестор – біз ғана емес, өзге шетелдік инвесторлардың да Президент атына жолдаған үндеулері дәлелдейді. Біз Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған «Заң мен тәртіп» және «Әділетті Қазақстан» қағидаттарына сүйеніп, сот шешіміне өз наразылығымызды білдіріп, құзырлы сот органдарына апелляциялық шағым түсіруді жоспарлап отырмыз» деген сөзі дәлелдейді.

Біз де өз тарапыздан бұл мәселені өз бақылауымызда ұстайтын боламыз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде Түлектер күнін ауқымды мерекелеу аясында «1981 жылғы түлектер» атауын иеленген жаңартылған №301 аудитория мен «1996 жылғы түлектер» атындағы №4 дәріс залының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

ТҮЛЕКТЕРДЕН ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРТУ



Жаңартылған №301 аудитория жобасы университет бітіргендеріне 45 жыл толған түлектердің қолдауымен іске асырылды. Олардың қатарында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері: Қайрат Мәми, Мұсабек Әлімбаев, Зағипа Балиева және Қазақстанның құқықтық жүйесінің дамуына баға жетпес үлес қосқан басқа да белгілі тұлғалар бар. Салтанатты рәсімде сөз алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – рек-

тор Жансейіт Түймебаев университеттік дәстүрлер сабақтастығының ерекше маңыздылығын атап өтті. Университет басшысы жылдар өте технологиялар мен оқу бағдарламалары өзгергенімен, түлектердің шынайы ризашылықпен ұштасқан туған университетімен байланысы ешқашан үзілмейтінін айтты. Оның сөзінше, бұрынғы студенттердің күшімен заманауи материалдық-техникалық базаны қалыптастыру – қоғамға қызмет етудің ең үздік үлгісі.

«Жаңартылған 301-аудитория жана буын студенттері білім алатын орынға айналады. Мұнда дәрістер оқылып, пікірталастар өтіп, алғашқы ғылыми идеялар туындап, Қазақстанның болашақ зангерлері қалыптасады. Сондықтан түлектердің жастар үшін білімге, мамандыққа және университет дәстүріне деген құрметке толы кеңістік жасауының символдық мәні зор», – деді ректор.

Мерекелік бағдарлама 1996 жылғы түлектердің қолдауымен жаңартылған №4 дәріс залының ашылуымен жалғасты. Содан кейін іс-шара қонақтары №9 жатақхана маңында бой көтерген Түлектер аллеясын аралап, ұлы ойшыл әл-Фараби монументіне құрмет ретінде гүл шоқтарын қойды.

Сондай-ақ, іс-шараға қатысушыларды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, ҚР Банк омбудсмені Дархан Нұрпейісов, ҚазҰУ Заң факультетінің азаматтық құқық, азаматтық процесс және еңбек құқығы кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, з.ғ. к., профессор Гүлмира Нұрахметова және басқалар құттықтады.

Салтанатты күн ауқымды концерттік бағдарламаға ұласты. Түлектер студенттік шақтың ыстық естеліктері қалған орындарды тамашалап, бүгінде әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналған ҚазҰУ кампусын аралады.

**әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Баспасөз қызметі**

4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

ТАЙМАСЫН БАҒЫМ БАСЫМНАН



Елдіктің туын көтеріп,
Тіктеді елім еңсесін.
Рәсімдерін бекем қып,
Қиындықтарды еңсерді.

Көк туым көкте желбіреп,
Нақышым ұлттық тұр анық.
Қанатын жаяр кеңірек,
Күн астындағы қыраным.
Авторы Шәкен есімін,
Біледі жатқа әр өрен.
Бостандық жеткен кешігіп,
Қазақты танып бар әлем.

Елтаңбамен мақтанам,
Қос пырағы бар қанатты.
Уығы – шапақ шаттанар,
Шаңырағы – кие қазақтың.

Дөңгелек ғалам шегі жоқ,
Жұлдызым тұрар биікте.
Шота-Аман мен Жандарбек –
Ұлдары ұлттың сүйікті.

Шаттықтың жыры – Әнұран,
Көңілдің күйі тасыған.
Шәмші менен Жүмекен,
Қалдырыпты газсырға ән.

Мақтансаң, қазақ, сен мақтан,
Жаралған тегің асылдан.
Рәміздер күні құтты боп,
Таймасын бағың басыңнан!

Ұзақбек АТАНБАЕВ,
Абай облысы,
Ақсуат ауданы
Сот жүйесінің ардагері

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Айдана САҒЫНБЕК, балалар психологы:

«КӘСІБИ КӨМЕК БАЛАНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАРАҚАТ АЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мысалы, бұрын белсенді болған баланың тұйықталып қалуы, жалғыз жүруі, сабаққа барғысы келмеуі немесе көңіл-күйінің жиі өзгеруі буллингтің белгісі болуы мүмкін. Мұндай жағдайда мәселені елеусіз қалдырмай, ата-анамен байланыс орнатып, дер кезінде әрекет ету қажет.

Кейде буллингті «жай ғана әзіл» деп қабылдау үлкен қателіктің орын алуына жол ашуы мүмкін. Мұндай әрекеттер баланың ішкі жан дүниесіне ауыр әсер қалдырады. Сондықтан балаларды бір-бірімен салыстырмау, олардың ерекшеліктерін құрметтеу және мейірімділік пен эмпатия туралы жиі әңгімелесу маңызды. Сынып ішінде бірлескен ойындар, топтық жұмыстар мен сенімді қарым-қатынасты нығайтатын іс-шаралар ұйымдастыру да буллингтің алдын алуға көмектеседі.

Егер осындай әрекеттерге қарамастан буллинг жағдайы орын алса, тек зардап шеккен баламен ғана емес, екінші тараппен де жұмыс жүргізу қажет. Келіспеушіліктің себебін түсініп, мәселені жан-жақты қарастыру кезек күттірмейді. Сонымен қатар, ата-анамен тығыз байланыста болу да үлкен рөл атқарады. Ең бастысы – бала мұғалімге сеніп, қажет кезде көмек сұрай алуы керек. Кейде дер кезінде айтылған бір жылы сөздің өзі баланың психологиялық саулығын сақтап қалуы мүмкін. Өйткені уақытында байқалмаған буллинг баланың өзіне деген сеніміне ұзақ уақыт әсер етеді. Буллингтің алдын алу – тек тәртіп сақтау мәселесі емес, бұл баланың эмоционалдық қауіпсіздігін қорғау.

– Буллингке ұшыраған баланың мінез-құлқында қандай белгілер байқалады?

– Буллингке ұшыраған баланың мінез-құлқында алғашқы өзгерістер бірден байқалмауы мүмкін, алайда ата-ана мен мұғалім мұқият болса, кейбір белгілерді ерте аңғаруға болады. Мысалы, бұрын ашық-жарқын, белсенді болған баланың кенеттен тұйықталып қалуы, жалғыздықты іздеуі, оңаша қалуға тырысуы, достарынан алшақтауы немесе бұрын қызығып жүрген ісіне қызығушылығының төмендеуі алаңдатын белгінің бірі екені анық. Кей балалар мектепке барғысы келмей, түрлі сылтау айта бастайды. Сонымен қатар, эмоционалдық өзгерістер де байқалады: баланың ешбір себепсіз жиі жылауы, ашушаң болуы, мазасыздануы немесе қорқыныш сезімін бастан кешіруі де алаңдауға себептің бірі. Кей жағдайда психологиялық күйзеліс физикалық белгілер арқылы көрінеді: бас ауруы, іштің ауыруы, ұйқының бұзылуы, тәбеттің төмендеуі. Ең бастысы – баланың мінезіндегі күтпеген өзгерістерге бей-жай қарамау, себебін түсінуге тырысу керек.



– Бала буллинг туралы ата-анасына неге айтпай жүруі мүмкін?

– Буллингке ұшыраған балалардың бәрі бірдей бұл туралы ашық айта бермейді. Оның бірнеше себебі бар. Ең жиі кездесетіні – қорқыныш. Бала жағдайды айтып қойса, буллинг одан сайын күшейіп кетеді немесе өзіне тағы қысым көрсетіледі деп қауіптенуі мүмкін. Кейбір балалар өздерін кінәлі сезініп, «Мәселе менде шығар» деп ойлайды. Сондай-ақ, ұялу сезімі де үлкен рөл атқарады. Кей бала мұндай жағдайды әлсіздік ретінде қабылдап, бұл туралы айтуға намыстанады. Кейде балалар ата-анасын уайымдатқысы келмейді немесе «мені бәрібір түсінбейді» деп ойлайды. Егер отбасында баланың сезіміне құлақ асу мәдениеті қалыптаспаған болса, ол өз мәселесін іште сақтап қалуға бейім болады. Сондықтан ата-ананың баламен сенімді, ашық қарым-қатынас орнатып, оны айыптамай, әр кез тыңдай білуі, баламен

Егер буллингке ұшыраған баланың мінез-құлқында ұзақ уақыт бойы айқын өзгерістер байқалса, психолог көмегіне жүгіну маңызды. Мысалы, бала тұйықталып кетсе, ешкіммен араласқысы келмесе, мектепке барудан үзілді-кесілді бас тартса, жиі жыласа, қорқыныш пен мазасыздықты тұрақты түрде сезінсе – бұл маман көмегін қажет ететін белгілер. Сондай-ақ, психологиялық күйзеліс физикалық белгілер арқылы да көрінуі мүмкін: бас ауыры, іштің ауыры, ұйқының бұзылуы, тәбеттің төмендеуі немесе жалпы әлсіздік. Егер медициналық себеп анықталмаса, бұл эмоционалдық қысымның көрінісі болуы ықтимал.

пікірлесуге уақыт табуы көп түйткілдің алдын алуға көмектеседі.

– Кибербуллингтің кәдімгі буллингтен айырмашылығы қандай? Оның әсері күштірек пе?

– Кибербуллингтің дәстүрлі буллингтен басты айырмашылығы – оның цифрлық кеңістікте жүруі және уақыт пен орынға тәуелді болмауымен бай-

ланысты. Егер кәдімгі буллинг көбіне мектепте, белгілі бір ортада орын алса, кибербуллинг әлеуметтік желі, мессенджерлер, ойын платформалары арқылы тәуліктің кез келген уақытында жалғасуы мүмкін. Яғни, бала мектептен үйге келгеннен бастап психологиялық қысымнан толық арыла алмайды.

Кибербуллингтің тағы бір ерекшелігі – оның анонимді болуы. Кей жағдайда бала өзін кім қорлап жатқанын білмей жатады, бұл қорқынышпен мазасыздықты одан әрі күшейтеді. Сонымен қатар, интернетке жарияланған қорлайтын пікір, фото немесе бейнетүсірілім қысқа уақыт ішінде көп адамға тарап кетуі мүмкін. Бұл баланың өзін көпшіліктің алдында қорланғандай сезінуіне алып келеді.

Әсеріне келсек, кибербуллингтің салдары кей жағдайда дәстүрлі буллингтен де ауыр болуы мүмкін. Себебі ол үздіксіз жүруі ықтимал, баланың жеке кеңістігіне де енеді және психологиялық қысымды тоқтатуға мүмкіндік бермей жатады. Мұндай жағдайда бала өзін толықтай жалғыз, қорғаныс сезінері анық. Нәтижесінде өзіне деген сенімнің төмендеуі, мазасыздық, депрессиялық көңіл-күй, ұйқының бұзылуы, әлеуметтік оқшаулану сияқты салдарлар байқалады.

– Қандай жағдайда психолог көмегіне міндетті түрде жүгіну керек?

– Егер буллингке ұшыраған баланың мінез-құлқында ұзақ уақыт бойы айқын өзгерістер байқалса, психолог көмегіне жүгіну маңызды. Мысалы, бала тұйықталып кетсе, ешкіммен араласқысы келмесе, мектепке барудан үзілді-кесілді бас тартса, жиі жыласа, қорқыныш пен мазасыздықты тұрақты түрде сезінсе – бұл маман көмегін қажет ететін белгілер. Сондай-ақ, психологиялық күйзеліс физикалық бел-

емеспін», «бәрі менен шаршады» деген сияқты сөздерді айтуы. Мұндай белгілерді елемеге болмайды. Психологқа жүгіну – мәселе тым ұшығып кеткеннің белгісі емес, керісінше баланың психологиялық саулығын дер кезінде қорғау қадамы. Кейде уақытылы көрсетілген кәсіби көмек баланың терең эмоционалдық жарақат алуына жол бермейді.

– Буллинг жасаған баламен қалай жұмыс істеу керек? Өйткені, мәселе тек жәбірленушіде емес, қысым жасаған баланың да психологиясындағы ақауға байланысты болуы мүмкін ғой?

– Шынында, буллинг мәселесінде назар тек жәбірленуші балаға ғана емес, буллинг, қысым жасаған балаға да аударылуы керек. Себебі агрессия көбіне жайдан-жай пайда болмайды. Кей жағдайда мұндай мінез-құлықтың артында эмоцияны дұрыс басқара алмау, отбасындағы қиындықтар, назар жетіспеушілігі, өз ішіндегі ашу-ыза немесе өзі де бұрын психологиялық қысым көрген болса, сол жағдайдың түрткі болуы мүмкін. Ең алдымен мұндай баланы бірден «жаман бала» деп таңбалап, тек жазалаумен шектелу дұрыс емес. Әрине, оның әрекетіне нақты шекара қойылып, буллингке жол берілмейтіні анық түсіндірілуі керек. Бірақ сонымен қатар оның бұл әрекетінің себебін түсінуге тырысу маңызды.

Бала не үшін айналасына теріс әрекет етуде, не үшін эмоцияны осылай шығарып жүр, өзі қандай ортада өсіп жатыр деген сұрақтарға жауап іздеу қажет. Буллинг жасаған баламен эмпатия, эмоцияны басқару, қарым-қатынас мәдениеті туралы жұмыс жүргізілгені орынды. Қажет болған жағдайда мектеп психологын, ата-ананы және мұғалімдерді бірлесіп жұмысқа тартқан дұрыс. Өйткені тек жазалау мінез-құлықты уақытша тоқтатуы мүмкін, бірақ мәселенің түпкі себебін шешпейді. Мұндағы басты мақсат – тек әрекетті тоқтату емес, баланың өз эмоциясын сау жолмен білдіруі, өзгеге зиян келтірмей қарым-қатынас құруды үйрету. Себебі буллингтің алдын алу – екі тараптың да психологиялық жағдайына мән беруді талап ететін жұмыс.

– Буллинг баланың мінезін ғана емес, болашағын да өзгертуі мүмкін емес пе?

– Иә, буллингтің әсері тек сол сәттегі эмоциялық күйзеліспен шектеліп қалмайды, ол баланың болашақ тұлғалық қалыптасуына да ықпал етуі мүмкін. Балалық шақта жиі қорлық, мазақ немесе психологиялық қысым көрген бала өзіне деген сенімін жоғалтып, өзін жеткіліксіз сезініп өсуі ықтимал. Бұл кейін оның адамдармен қарым-қатынас құруына, ойын ашық айтуына, шешім қабылдауына, тіпті кәсіби өміріне де әсер етуі талассыз. Кейбір балалар мұндай тәжірибеден кейін тұйықталып, адамдарға сенуден қалады, ал кейбірінде керісінше мазасыздық, тұрақты қорқыныш немесе агрессия қалыптасуы мүмкін. Егер бұл жарақатпен уақытында жұмыс істелмесе, оның салдары ержеткен кезде де байқалуы ғажап емес.

Сондықтан буллингті – балалар арасындағы уақытша нәрсе деп жеңіл қабылдауға болмайды. Өйткені кейде мектеп қабырғасындағы бірнеше айлық қысым баланың өз-өзін қабылдауына жылыдап бойы әсер ететіні өмірлік тәжірибе көрсетіп отыр.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ

ЕРТЕ ЖАСТАН ЕҢБЕККЕ АРАЛАСҚАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Оқу жылы аяқталды. Кейбір жасөспірім үшін жазғы уақыт демалыс емес, табыс табатын кезеңге айналғанын жоққа шығара алмаймыз. Бірі ата-анасына көмектесу үшін жұмыс істесе, енді бірі өз қажеттілігін өзі өтеуге тырысады.

Қазіргі қоғамда ерте жастан еңбекке араласу қалыпты үрдіске айналып барады. Алайда ерте жастан еңбекке араласқан жасөспірімнің құқығы қаншалықты қорғалып жатыр деген сұрақ әлі де өзектілігін жоғалтпады.

Елімізде 14 жасқа толған балаларға жұмыс істеуге заң жүзінде рұқсат етілген. Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 14 пен 18 жас аралығындағы жасөспірімдердің саны 1,5 миллионнан асатынын мәлімдеді. Соның ішінде 5 мыңнан астам оқушы ресми түрде еңбек етеді. Олар негізінен сауда, қоғамдық тамақтану, ойын-сауық және қызмет көрсету салаларында жұмыс істейді. Әсіресе ку-

рьер, сатушы-кенесші, аниматор мамандықтарына сұраныс жоғары.

Мемлекет оқушылардың заңды әрі қауіпсіз жұмыс істеуі үшін арнайы мүмкіндіктер қарастырған. Мәселен, Enbek.kz порталындағы «Менің жазғы каникулым» бөлімі арқылы жасөспірімдер өздеріне лайық бос жұмыс орындарын таба алады. Театр, кино, цирк секілді шығармашылық бағыттардан бастап SMM, маркетинг сияқты digital салаларға дейін ұсыныстар бар. Дегенмен заң көмелетке толмағандарды тек жеңіл еңбекке тартуға рұқсат береді.

Еңбек кодексіне сәйкес, 14-16 жас аралығындағы балалар аптасына 24 сағаттан артық жұ-

мыс істемеуі тиіс. Яғни, күндік жұмыс жүктемесі шамамен 4-5 сағаттан аспауы қажет. Ал 16-18 жас аралығындағы жасөспірімдер үшін апталық норма – 36 сағат. Сонымен қатар, 14 жаста еңбек шартына тек жасөспірім ғана емес, ата-анасы да қол қоюы міндетті. 16 жастан бастап азамат еңбек шартын өз бетінше жасауға құқылы.

Заң талаптары қағаз жүзінде нақты болғанымен, іс жүзінде мәселе аз емес. Көп жағдайда жасөспірімдер бейресми жұмыс істейді. Әсіресе курьерлік қызметте немесе шағын дәмханаларда еңбек шарты жасалмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай кезде баланың еңбек уақыты бақыланбайды, еңбекақысы кешіктірілуі немесе толық төленбеуі мүмкін. Ең қауіптісі – еңбек құқығының қорғалмауы.

Министрлік жұмыс іздеу кезінде міндетті түрде еңбек шартына назар аударуға шақырады. Себебі, келісімшарт жүйеде тіркелсе ғана жасөспірімнің еңбек өтілі ресми есептеледі және оның құқығы заңмен қорғалады. Ал бейресми жұмыс істеген бала еңбек дауы туындаған жағдайда өз құқығын дәлелдеуде қиындыққа тап болады. Көмелетке толмағандарды материалдық жауапкершілік жүктелетін жұмыстарға қабылдауға заңмен тыйым салынған. Яғни, олар кассадағы кешілікке, тауар жоғалуына немесе қаржылық шығынға толық

жауапты болмауы керек. Бірақ тәжірибеде кейбір жұмыс берушілер жасөспірімдерге айыппұл салып, жетіспеген қаражатты өндіріп алуға тырысады. Бұл – еңбек заңнамасының бұзылуы.

Мәселенің тағы бір қыры – баланың денсаулығы мен психологиясындағы өзгерістермен тамырлас. Ұзақ уақыт аяғынан тік тұрып қызмет ету, ауыр жүк тасу, кешкі уақытта жұмыс істеу жасөспірім ағзасына зиян келтіруі мүмкін. Ал тұрақты стресс пен шаршау оқу үлгеріміне де теріс ықпалын тигізеді талассыз. Сондықтан заң көмелетке толмағандарды түнгі жұмысқа, ауыр еңбекке және қауіпті ортаға тартуға шектеу қойған.

Жасөспірімнің еңбек етуі – оның жауапкершілікке бейімделуіне, қаржылық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бірақ бұл процесс заң аясында жүзеге асқанға ғана қауіпсіз болады. Бүгінде балалар еңбегін қорғау бойынша құқықтық тетіктер бар. Алайда олардың толық орындалуы – жұмыс берушінің адалдығына, ата-ананың бақылауына және мемлекеттік қадағалауға тікелей байланысты. Еңбекке ерте араласқан жасөспірім ең алдымен арзан жұмыс күші емес, заңмен қорғалуға тиіс тұлға екенін қоғам ұмытпауы қажет.

Айгерім НҮРСЛЯМОВА

ДЕНСАУЛЫҚ

ТЕМЕКІ ШЕГУДІҢ ЗИЯНЫ ОРАСАН

«Темекі шегудің зияны және ТДМ – 3» жұмысы темекі шегудің адам денсаулығына тигізетін зиянын және оның Біріккен Ұлттар Ұйымы ұсынған Тұрақты дамудың 3-мақсаты аясындағы маңызын қарастырады. Осыған орай, Ж.Асфендияров атындағы ҚҰМУ-да салауатты өмір салтын насихаттау бағытында темекінің тыныс алу, жүрек-қан тамырлары жүйесіне және жалпы имунитетке кері әсері талданды.

Жиынға қатысушы куратор, оқытушылар темекі шегудің тек денсаулыққа ғана емес, адамның әлеуметтік өміріне, оқу үлгеріміне және психологиялық жағдайына да әсер ететіні мы-

салдармен түсіндірді. Сонымен қатар, зиянды әдеттер адамның болашақтағы мүмкіндіктеріне кедергі келтіретінін айтып, жастарды салауатты өмір салтын таңдауға шақырды. Бұл ретте

жастардың бос уақытын тиімді өткізуі, яғни, спортпен айналысып, пайдалы орта қалыптастыруы маңызды. Осы себепті, оқытушылар жастарды зиянды әдеттерден аулақ болуға үндеді.

18-25 жас аралығындағы студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде олардың темекіге көзқарасы мен оның зияны туралы білім деңгейлері анықталды. Жастардың басым бөлігі темекінің зиянын біле тұра қолданатындарын байқатты. Мысалы, сауалнамаға қатысқан жүз студенттің 35 пайызы темекі шегетінін жасырма-

ды. 50 пайызы шекпейтінін жазса, 15 пайызы шегіп тастап кеткен.

Темекі шегу – адам денсаулығына ең қауіпті әдеттердің бірі. Оның құрамында жеті мыңнан астам химиялық зат бар, олардың ішінде жүздегені улы, ал ондағаны қатерлі ісік тудыруы мүмкін. Темекі түтіні тек шегушінің өзіне ғана емес, айналасындағы адамдарға да үлкен зиян келтіреді. Темекі тыныс алу жүйесіне әсер етіп, өкпе ауруларын тудырады. Сонымен қатар, жүрек-қан тамырлары жүйесіне зиян келтіріп, инфаркт пен инсульт қаупін арттырады. Имунитетті әлсіретіп, түрлі ауруларға шалдықтырады.

Жастарға салауатты өмір салтын ұстану үшін дұрыс тамақтанып, спортпен тұрақты түрде айналысқандары жөн. Ұйқы режимін сақтаудың да маңызы зор. Ағзаға жеткілікті мөлшерде су қажет. Психологиялық денсаулыққа көңіл бөліп, күйзелісті жағдайға бой алдырмау керек. Бұлар өз кезегінде денсаулықты физикалық, психология-

лық тұрғыда да нығайтады. Салауатты өмір салты – ұзақ әрі сапалы өмірдің негізі. Оны ұстану – аурулардың алдын алудың ең тиімді жолы. Әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, дұрыс таңдау жасауы тиіс.

Жиында темекіден бас тарту және салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдары ұсынылды. Темекі шегудің ағзаға тигізетін зияны туралы ақпарат көп болғанымен, оны қолданушылар саны әлі де азаймай отыр. Сондықтан, бұл мәселені жан-жақты қарастыру маңызды.

**Г.ТАНЕЕВА,
Қ.ЖҮЗЖАН,
С.Ж. Асфендияров атындағы
ҚазҰМУ,
молекулалық биология және
медициналық генетика
кафедрасының
кураторлары,
А.АМАНГЕЛЬДИ,
М25-004 топ студенті.**

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Oral Golden Fish» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 220640035059) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Кеңейтілген тұйық көшесі, 1/2-үй.

3. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің кешкі мектебі» КММ (БСН 050940004955) өз таратылуы туралы хабарлайды. Шағымдар ҚР, Қостанай облысы, Рудный қаласы, 50 лет Октября көшесі, 63 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі айдың ішінде қабылданады. Тел. 8/714/31 55972.

4. «АкЖелкен Трейд» ЖШС (БСН 170640015191) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Орбита-3 шағынауданы, 3-үй, 52-пәтер.

5. «A-Sand» ЖШС (БСН 230940021626) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Галима Елемесова көшесі, 86-ғимарат.

13. «Темпесто-Азия» ЖШС (БСН 150440007724) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050057, ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 205-үй, 23-пәтер, тел. +7 727 338 38 41.

14. «DESIGN CARGO» ЖШС (БСН 240840032560) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 100000, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Ермеков көшесі, 29-құрылыс, тел. +7 771 420 0201.

15. «Абылай транскомпани» ЖШС (БСН 220640031591) (ШҚО, Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы, Құрманғазы көшесі, 22/1-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ақсай-4 ықшамауданы, 119-үй, 65-пәтер, тел. 8 777 577 44 27.

16. «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қарақыстақ арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, (БСН 220640015798) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақыстақ ауылдық округі, Қарақыстақ ауылы, Құдыс көшесі, 3В-ғимарат.

17. «Elly Anderson» (Элли Андэрсон) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, (БСН 100940004312) (040707, ҚР, Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, 71-разъезд өнеркәсіптік аймағы, 7-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 135, «Жібек Жолы» бизнес орталығы, бірінші блок, 10-кабат. Тел. +7 747 250 98 47.

18. «Асем Али» ЖШС, БСН 181140000546 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 39 ықшамауданы, 7-үй, 206-пәтер. Тел.: 87782654841.

19. «Аура Сити» ЖШС (БСН 180440013184) өзінің таратылатыны (жойылатыны) туралы хабарлайды. Шағымдар екі айдың көлемінде Алматы қаласы, Қабдолова көшесі, 1/8 Блок, 1-линия, G, 2-кабат ресепшн мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +77012213081.

20. «АГС-сенім» ЖШС (БСН 100440012652) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 118-үй, тел. 77017281677, +77017409434.

21. «S НПК» ЖШС (БСН 160340002593) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, индекс 050063, Ақсай-4 ықшамауданы, 44-үй, 67-пәтер, тел. +7 702 7234643.

ӘРТҮРЛІ

6. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 10.00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды. Анықтамалар үшін тел. +7 702 321 86 86. Лиц. 01.21.0009Л.

7. «Green Apple Film» ЖШС (БСН 161240007721) «Green Apple Picture» ЖШС-мен (БСН 161240007751) бірлесіп, «DAR play» ЖШС-не (БСН 161140004446) қосылу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Көктем-2 шағынауданы, 22-үй, 1-корпус.

8. «Green Apple Picture» ЖШС (БСН 161240007751) «Green Apple Film» ЖШС-мен (БСН 161240007721) бірлесіп, «DAR play» ЖШС-не (БСН 161140004446) қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Көктем-2 шағынауданы, 22-үй, 1-корпус, 4-кабат.

9. «DAR play» ЖШС (БСН 161140004446) өзіне «Green Apple Picture» ЖШС-ін (БСН 161240007751) және «Green Apple Film» ЖШС-ін (БСН 161240007721) қосу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Көктем-2 шағынауданы, 22-үй, 1-корпус.

10. «Микрофинансовая организация «TodayFinance Kazakhstan» (ТудейФайнэнс Казахстан) ЖШС (БСН 210840019151) орналасқан жері (заңды мекенжайы) өзгергенін хабарлайды. Жаңа мекенжайы: ҚР, 140000, Павлодар қаласы, Михаил Есенәлиев көшесі, 1-үй.

11. Қызылорда МАЭ сотының 22.05.2026 жылғы шешімімен Қызылорда қаласы, Бірлік көшесі, № 11-үй мекенжайында орналасқан «Сарсенгали» ЖК-не қатысты, ЖСН 821207302977, оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Кредиторлар талаптары келесі мекенжай бойынша: Қызылорда қаласы, К.Байсейітов көшесі, № 104/3-үйде қабылданады. Тел. 8 705 960 34 00.

22. «KazMaritime» ЖШС (БСН 230740030300) «KAS Maritime Ltd.» жеке компаниясына (БСН 260340900505) қосылу нысанында қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Көк-Төбе шағынауданы, Жәнібеков көшесі, 4Д үй, тел. +7 727 351 00 00.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zangazet@mail.ru

23. «MOBILEX KZ» ЖШС (БСН 200640023253) «KAS Maritime Ltd.» жеке компаниясына (БСН 260340900505) қосылу нысанында қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Көк-Төбе шағынауданы, Жәнібеков көшесі, 4Д үй, тел. +7 727 351 00 00.

МҰРАГЕРЛІК

12. 2025 ж. 25 қараша қайтыс болған Ниязов Дюсенбектің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев көшесі, 3-үй мекенжайы бойынша нотариус Жұлдыбаева Ақманат Рысбековнаға хабарласуларын сұраймыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Алматы қаласы
Тел.: 8 (708) 929-98-74
E-mail:
zangazet@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:
«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz
«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолықын 4Б көшесі, 2-кабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.
Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz
«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-кабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.
«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.
«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34
«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.
Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71
Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18
Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21
«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74
Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-кабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59
«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939
«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04
Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06
«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Фарилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar_reklama@gmail.com
Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877
NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18, 4-кабат, 405-кабинет, тел. 87477260960
Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221
Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА

Подполковниктің күнделікті отыратын орнына жігіт келіп жайғасты. Подполковниктің айтуынша осы үстелге қарапайым қырғыз қызы қызмет етеді, терезе жақ үстелдерге әлгі өзбек қызы қызмет көрсетеді. Ол алдына «быжы» әкелген даяшы қызға қайта-қайта қарап отырып, атын сұрап алды.

– О, Бегайым, – деп ол даяшы қыз бір өткенде бір, екі өткенде екі мөнерлеп отырып шақырады. Еркелете шақырған жігіт ағасының көзқарасынан қыз қысылып, жанынан жымып ораң өтеді. Сүйкімді қара қыз екен. Жеп отырған тамағының дәмі үшін және үйге салып әкететін тамақ үшін қызды бірнеше рет шақырғаннан кейін нөмірін сұрап еді, бермеді. Тауы шағылмаса да, жартастының ұшы сынып кеткендей болып асханадан жымыған күйі шығып кетті.

Араға әдейі үш күн салып барып есәнді киінген күйі қайта келіп, жымып отырып даяшы қыздың нөмірін сұраған еді, мұндай мүмкіндіктен айырылып қалуға бола ма, ол орайды қолдан жібермей нөмірін беріп жіберді. Мүмкін үш күн бойы оны іштей күткен де болар?! Бұл да бір маржанды толқындарға толы дәурен еді...

Жігіт пен қыз телефонның айдынын қалқан етіп, екі күн ұрлана қарап сырласқаннан кейін жігіт өзі жақсырақ біліп қалған ең сәнді тағамжайдың біріне алып барады. Қателеспесем, аты – ANT>S болатын. Осындай шүйіркелесудің төртінші күнінде, Чолпонбай Төлебердиев паркіндегі жып-жылы ағаш саясында, ағашқа арқасын беріп тұрған қыздың екі жағындағы бұтаққа қолын тіреп, қызға қызға қарағандай болған жігіт жерге еңкейіп, аяғының ұшына бір қарап алды да, не айтарын есіне алып:

– А, иә, айтпақшы, Бегімай, – деді қабағын көтеріп. Қыз «ауу» деп, антарылып қарады...

Із кескен үнсіздік

Екі күн өтті. Бастық әке кеңсесінде отырғанда, ұлы қоңырау шалды.

– Әке, сіз сұраған мәліметтерді бірден айта берейін.

– Айта ғой, – деді қалың қабағы түйілген подполковник мұрты соншама қалындаған күйде, – жаза берейін бе? – деді ұйқылы-ою адамның қысық-қоңыр мәнеріне салып. – Қолыма қалам алып тұрмын.

– Хім, мхм, – деп тамағын кенеп алды Медғат, – азамат Сатыбалдиевич... Хм, хім (жөткірініп), сізбен аттас, аты – Абылай, 1960 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданында туған. Шынымен де, сіз айтқандай Тхэквондодан республикалық спорт шебері, расымен Мұстафа Өзтүріктің шәкірті, сенімді серіктерінің бі...р...і...а...

– Әй, әй, ә-й, балам, негізгісін айтшы, бұл мәліметтердің бәрін саған өзім бердім ғой.

– Жә, қазір, әке. Бірер минутыңызды артық алып қойғаным кешірім сұраймын.

Бастық әке үндемеді. Екі шекесі бұдырайып, тыңдап тұра берген.

– Осы аталған азамат Өзбекстан бойынша еш жерде тіркелмеген. Ал, Қырғызстан бойынша...

Бастық әке трубканы құлағына төсей түсіп, Қырғызстан жайлы анық естуге ынтықты.

– Қырғызстанда...а...

Ұлының дауысы жаңғырып естілді. Әкесі ұялған қыздай үздігіп-ақ тұр.

– Есімі бойынша еш жерде тіркелмеген, жеке кабинеттердің компьютерлік қалталарында да бұл адамның аты жоқ...

Әкесінің көңілі су сепкендей басылып, трубканы қоя бастап еді, ұлының артынан қайталай жаңғырған дауысын естіп, қайта көтеріп ала қойған:

– Қырғызстан бойынша есімі тіркелмегенімен, сіз берген фото суретке

сәйкестігі өте жоғары, ақсары, бойшан, кесек азаматтың фотосы табылды.

Әкесі қатқан күйі тыңдап тұра берді. Оны біреу осылай мұзға айналдырып жатқан сияқты. Бірақ, екі шекесі одан сайын бұдырая түскен. Уәдеге берік, тік мінезді, алайда әр істі ақылға салып, талдау жасап барып сұңғыла шешім қабылдайтын жан бұл жолы да ұзақ ойлана түскен. Жай ғана тыңдап тұрғанын білдіру үшін, ұлы үндемеген соң «hlm-xm» деп қойды.

– Криминалистика бойынша үнемі оқып, ізденіп тұрасыз ғой, әке? Мұндай адам іргеміздегі елде тұрып, өз суреті

жалдап, толық көзімді жеткізіп барып өзімнен жоғары басшылыққа мәлімет берейін.

– Көшеде, түзде адамдармен қарым-қатынаста сыпайы екеніңізді білем, кез келген ортаға өзіңізді бейімдеп, өзінізді ұстай білесіз. Сондықтан, әкетайым...

– Шырағым, бірдеңеден сақтандырмақсың ба? Кіші демей, үлкен демей барлығына құрметпен қарайтын әдетім ол жақта да жалғасады. Тек маған амандық тіле.

– Амандық тіледім, әке. Қиналған адамға көмектесуге, қол ұшын созуға

мандап қойды да, салт-дәстүрді жақсы көретін подполковник қабырғада ілініп тұрған түлкі терісі мен үкінің қапталған терісін, оюлы жайнамазға қарап олардың қасында тұрған аккумуляторын домбыраны түбінен аялай сипап қойды. Үстел үстінде жатқан «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» деген өткен аптада «Magwin» дүкенінен алған кітабын қырғыз сапарында ала кетіп, жол-жөнекей оқымақшы болып, оған да қарап біраз тұрып, бетін парақтады. Бір кезде шүкшиып ішіне кіріп кеткен екен. Әйелінің қонақ бөлмесінің есігінен сығалай қарап:



АТЫ БАСҚА, ІЗІ СОЛ

«болдың ба, отағасы? Қасым да келіп қалыпты. Қала ішіне кіріпті» деген дауысынан селт етті де, «иә-ә-ә, баланың тамағын бер алдымен» деп қоңыр мақаммен тіл қатты.

– Қазақтың салтында, – деді ол. – Түн ішінде сыртқа кір жаймайды ғой. Біз келгенше қас қарайып кетер. Сол үшін жуған киімдеріңді ішке кіргізіп қойсан.

– Ұмытпаймын, отағасы, – деді аяулысы жайраң қағып. – Орысша оқып өссем де, сенің арқаңда қаншама салты біліп алдым. Ырымнан тыйымға дейін...

– Хім, ім, – деді подполковник мекіреніп. – Малды бауыздар алдында басын құбылаға қаратып тұрып, бата жасайды. «Бұйыртып жегіз» деп тілек айтады. Онысы – малдың еті дәмді, адал болсын дегені. Менің әр басқан қадамымнан отбасым риздық пен береке кіреді. «Әр табысым адал болсын!» Жемқорлыққа, істі бүркемелеуге қарсымын. Кабинетімдегі абыройлы орынды сақтауға көмектесіп, ішкі демеуім болып отырған өзіндей ақылды келіншегімнің болғанына шүкіршілік етемін.

– М-ә-ә, отағасы, – деп келіншек жаулығының сыртына шығып қалған жып-жылтыр қара самай шашын қайырып жаулығының ішіне сала бастады.

Келіншегі аяғын бапшен басып келіп, жұбайын құшақтап, кішкене тұрды да:

– Балалар көріп қойып ұят болар, – деп жылдам басып есіктен шығып кетті. Шығып бара жатып еріне бұландап бір қарап, жымиюды ұмытқан жоқ.

Жоғалған есімнің ізімен

Ертесі әке үй ішін бір қуантқаннан кейін, Қырғызстанға жүріп кетті. Сайран бекетінен алып кеткен таксиде келе жатқанда қалғып кеткен. Арт жақта жалғыз өзі отыр. Салон жалдаған. Үй-қысырап, есінеп, күбірлеп тілек етті:

– Иә, Құдайым. Көзімнің шырағы

жаңа құжаттарында жапсырылып жүрсе де, неге өз аты-жөнінде емес? Тым құрыса, бір амалын тауып соншама көп таныстары мен туыстарының бір де біреуіне неге хабарласпайды? Неге? Адамсан арыстан ба? Санасынан, әлде даласынан?

Әкесі сабырлы түрде: – Балам, – деді қоңырқай ғана. Қысқа үнсіздіктен кейін: – Аман болса болды, – деді көңілі босап. – Мен оны әлдеқашан бұл әлемнен өшкен шығар деп едім. Бақытты екен. Мен де бақытты екем тыңдап тұрған.

– Ауыр... Әке. – Ойлашы, жарты жылдан бері таппай, ел ішіндегі оған қатысты том-том жұмысты қараған мен сияқты басқа бір подполковник, аяқ астынан өзін соншама сергелденге салған істің басты тұлғасы болған осы адамды тапса оған неге амандық тілемеске? Неге қуанып, бақытты екенін байқапнасқа? Мен сол дерегін таппаған барша подполковниктердің қуанышын жамылып тыңдап тұрмын мынау хабарыңды.

Ұлы сықылықтап күлді. – М-ә-ә, қатырасыз әке. Шешенсіз ғой өзі. Әрі қарай күлуден басқаға шамам келер емес.

– Балам, рақмет. Енді жаңағы суреті қолданылған орынның толық ақпаратын, адресін жібер. Қырғызстанға өзім шығам.

– Басқа қызметкерлеріңізді де ертіп алмадыңыз ба? Ұсақ-түйек қиындықтар туындап қалмай ма жалғыз адамға? Үлкен қиындықтар бөгет болмайды деп сенем.

– Жауапкершілігі жоғары іске кәсіби шебер маман ретінде, кейде істің ақ-қарасы айқындалғанша, басқа өңірлерге өзің жалғыз іс-сапарға шығуға тура келеді. Жедел тергеу тобының құрамында күрделі істерді тергеудің әлі кезегі келеді... Алдымен, тәуекел! Өзім анықтап, сол жердің жанынан үй

дайын тұратыныңыз маған дарымаса да, қарындасым жүкқан ба деп ойлаймын. Қазір қалтасында ақшасы болмағанымен, есейгенде қиналған адамдарға естілікпен ес қататын сияқты. Үнемі мейірім, жанашырлық, адалдық туралы бағдарламаларды іздеп тауып қарап отыратынын байқаймын.

– Әумин!

Қысқа қайырды да әскери әкесі телефонды жапты. Ал, алдағы екі күн ішінде қырғыз топырағына аттанып істеуі керек. Ернін жымырып, бекінген әке бекем болғанын, болаттай екенін көрсете білді. Кенсенің қарайған терезесінің сыртынан ай туып келеді.

Подполковниктің демалысы

Атыс қаруын жақсы меңгерген подполковник Абылай Қайсенов бүгін түстен кейін қаладағы «Алау» ату алаңына келіп, көк шалғын үстінде құлағына дыбыс тосатын құлаққап киіп, жүз метр жердегі қызыл көзді ақ шеңберді нысанаға алып демалып жүрді. Оғының көбі мүлт кетпесе де, мергендігін тоқтатып, кешке дейін енді қалған бос уақытында балық аулағанды қалады.

Әйтсе де, Таластың бойына жалғыз жадау шыққанды жөн көрмей, әйелі мен мектептегі қызын күтіп алып үшеуі бірге шықпақшы болған еді. Екі күндік демалысқа тарап, Алматыда университетте оқып жатқан ұлы жолда келе жатыр екен. Ол келгенше 1,5 сағат болады. Оны күтіп алып бірге кетуді көздеп, отбасымен табиғат аясына шығып демалғанды ұнататын ол қармақтарын іздеп, тексеріп, балық салатын абақ, балық жейтін дөңдерін жинап жатқанда емханадағы жұмысынан енді шыққан әйелі жеміс-жидек алуға дүкенге кетті. Жеке баспанасы болмаса да, жұмыс орынынан берілген 3 бөлмелі қызметтік пәтердің құбақан қабырғасына, жым-жырт тұрған төбесіне қарап «қашан жекеменшік үйім болады екен?» деп ар-

болған балаларым үшін, өзің тандап қосқан қазтабан қосағым үшін мені аман қыл, әдемі сақта. Іздеп бара жатырмын мен бір бейбақты. Жаңылыстырма, адастырма, құр сандалтпа. Қай жерден тамактансам, қай жерде дем алсам, сол жерлерді мен іздеген бейбақтың жүрген, тұрған жеріне туралап қой. Оны өз көзіммен көрейін. Солай ойлап отырып қалғып кетті. Сол сәтте бір ақсақал келіп:

– Балам, Төле би атаң болам. Тек өзің біл, айтпа. Сені сипаймын, – деп иығынан сипай бастады. – Әрекет жасай бер. Өте шебер, епті бол. Көзің ашылады, субханалла. Көңіліңді еркін қыл, тамақ іш, күш жина. Жол табасың иншалла, тамақ ішкен жеріңнен, – деп ғайып болды.

Ояна келсе, түн емес, қазықтай қағылған Күн алдынан қозғалмай жарқырап тұр. Жүре бергенде, сол күннің астынан ығы-жығы жаймаға толы, Қытай мен Еуропаның заттары сыққан Дордой базары күтіп алды. Базарды аралап жүріп бір бұрыштағы асханаға кіріп, чучуктан ауыз тиді. Сол асханада отырып, тамақ жасап кіріп-шығып жүрген жандардың ішінен мойыл кара көзді, мойыны ұзын, әр ісіне мейірімге толы жымыспен қарайтын өзбек қызын көрді. Қарап, іштей риза болып отыр еді, оның арғы жағынан сақалы тебіндеген кара жігіт онымен бірге ки-мелей шығып, төлем жасағалы тұрғандарға дүңк-дүңк тиісе сөйлеп жатты. Таңырқады да қойды. Осы әумесердің қылығына қайыра бір қадалып қарағанда, іштегі тамақ дайындаушылардың тесіктен шала көрініп қалған басына назары түсіп еді, қасқа бас, ақсары жігіттің басын көзі шалып қалды. Сом, кесек көрінеді. Қазақ өңдес. Қырғыз бен қазақтың өңі маңдай жазықтығы, бет сүйегінен-ақ оңай айырылады ғой. Жаңағы мойыл көз даяшыны шақырды да:

– Қарындасым, мыналарды ана шеткі үстелге көшіріп апаршы. Сол жаққа отырайын. Күн шуағы түсіп тұрады екен, – деп өтініш айта қойып еді, пысық қыз дегелек басып айтқан үстеліне тағамдарын апарып қойды.

Бұл кезде подполковник аспазшылардың жұмыс бөлмесінің түбіндегі үстелге келіп жайғасты. Енді желдіктен өзі күдіктене қараған жігітке тіпті де жақыннан қарайтын болды. Сол кезде оны тани бастады. Іздеудегі өзімен аттас Абылай екеніне күмән келтірген жоқ. Қалайда бір тіл қатысып қалу керек. «Нені айтсам болады?...» Содан кейін нығызданып отырып, желдікке қарай тіл қатты:

– Әй, жігітім, асалаумағалейкум, өңің қазаққа ұқсайды ғой? Тілмаш керек еді маған қазақ болсан.

Ақсары жігіт қамыр жайып жатқан жерінен басын көтергенде тіпті зорайып, алыпқа айналып бара жатқандай көрінді. Бұл басын көтеріп сәл таңғалғандай болды. Ал ол естімегенсіп, қайтадан қамырын жайып жатты. Ұйқыда айтқан қарияның сөзі бар, подполковник Қайсеновтың тағаты таусылып, енді оған сөйлей алмай өзбек қыздың жанында бірге табақ тасып жүрген бауырын шақырып алып құлағына сыбырлады:

– Ей, ана ағанның аты кім?

– Ақшоола – аты, – деді де, бір секіріп кетіп қалды ол айғайлап даяшыны шақырып жатқан басқа біреулерге. Подполковник ойланды да қалды. Иегіндегі тебіте бастаған сақал түгін сипалап отырды да, «бір түсініксіз жайт бар» деп болжады.

Бүгін ештеңе шықпағандан кейін, ұлы берген осы азамат ем алған ақылы шипажайдағы тіркеу деректеріне көрсетілген адреске барса, онда бұл азамат тұрмайды деді. Содан соң, «Құдайдың жолықтырғаны» деп осы манда 2 апта тұрмақ болды да, бір айға берілетін пәтер жалдады. Көз жазып қалмайын деп әр түскі асын осы жерде тұрақты ішетін болды.

Көкбөрі МҮБАРАК
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс №978 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31